



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан – Ресей сан қырлы қарым-қатынасының қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын достық әрі өзара сенім сипатында талқылады.

Президенттер жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың дәйекті түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдету жұмыстарына он баға беріп, бірлескен ғылыми-білім беру бастамаларын ілгерілетудің маңызына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинді Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырғанын тағы да растады.

Әңгімелесу барысында тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Литва Президенті Гитанас Науседаны Литваның ұлттық мейрамы – Мемлекеттілікті қалпына келтіру күнімен құттықтады.

Президент екіжақты қарым-қатынас деңгейіне жоғары баға беріп, қос халықтың игілігі жолында қарқынды даму бетіне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Гитанас Науседаның мемлекеттік қызметіне толағай табыс, ал достас Литва халқына құт-береке тіледі.

ДАМУДЫҢ ДАРА ДРАЙВЕРІ

Ел экономикасы өрлеу траекториясында нық қадам басып, елеулі табыстарға қол жеткізді. 2025 жыл қорытындысында Қазақстанның ЖІӨ-сі 6,5%-ға ұлғайды. Осындай салмақты өсімге құрылыс материалдарын өндіру саласы сүбелі үлес қосып, экономиканың жаңа драйверіне айналды. Бұл туралы Экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі штаб отырысында мәлімделді. Өңдеу өнеркәсібінің көшбасшы бағыттарының бірі саналатын осы секторды дамытуға Мемлекет басшысының өзі мән беріп отыр. Ендеше биыл бұл салада қандай серпін болмақ?



ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ӨРЕЛІ БИГІ

2025 жылы Қазақстан экономикасының қанжығасы майланды: жалпы ішкі өнімнің жаһандағы жоғары көрсеткіштердің бірін бағындыруы – жай жалаң цифр емес, алмағайып заманда еліміздің одан сайын нығайып, қуаттана түскенінің айғағы.

Қазақстан – бүгінде құрылыс қарқыны жағынан әлемдік «бәйгеде» алдыңғы лекте. Бұл – біреуге мақтаныш, біреуге танданыс, ал бізге – заңдылық. Бұл үдерісті одан әрі үдетіп, тың түрткі, соны серпін, жаңа тыныс беру үшін қажетті орасан зор әлеует бізде бар! Бұған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Turkistan газетіне берген сұхбатында арнайы тоқталды. Біріншіден, қазақ елі заманауи талаптарға сай тұтас жаңа шаһар тұрғызып жатыр. Қазақстан лидері келешектің қаласы Alatau City-дің басталған құрылысы жедел қарқынмен дамитынын атап өтті. Екіншіден, Тоқаевтың айтуынша, еліміз төл шекарасынан тыс жерді де қамтитын кенәуқымды көлік жүйесін қалыптастырды. Сол арқылы Сары мен Қара теңіз арасындағы «алтын көпірге» айналды.

(Жалғасы 4-бетте)

АҚОРДА



ЖЕҢІМПАЗ ЖАУЫНГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы UAE SWAT Challenge-2026 халықаралық жарысының жеңімпаздарын марапаттады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жеңімпаздарды шын жүректен құттықтап, олар нағыз қазақ жауынгері рухының қандай болатынын әлем жұртшылығына паш еткенін, Қазақстанның беделін биікке көтергенін атап өтті.

– Намысты қолдан бермей, байрақты бәсекеде топ жардыңыздар! Соның арқасында көк Туымыз желбіреді. Еліміздің мерейі үстем болды. Халқымыз сіздерді мақтан тұтады. Әлемнің 48 елінен 100-ден астам команда жиналған Дубайдағы дүбірлі дода – халықаралық маңызы бар оқиға. Бұл аса тартысты жарыс деп айтсақ, қате болмайды. Себебі барлық командалар бес күн бойы өте күрделі мақсаттарға қол жеткізу үшін көптеген тосқауылды енсеруі қажет болды. Бірақ біздің жауынгерлер барын салды, әскери міндеттері мінсіз орындап, ақыры ең жоғары деңгейдегі шеберліктерін көрсетті. Мұндай жарысқа әр мемлекет өзінің ең мықты сарбаздарын жібереді. Соған қарамастан, ел үмігін ақтап, үздіктердің үздігі атану оңай емес екені анық. Бұл кездесік жетістік емес. Әр жетістік – зор ерік-жігер мен қажырлы еңбектің жемісі. Әр жеңіс – мықты кәсіби дайындық пен асқан шеберліктің айқын көрінісі. Өздеріңіз білесіздер, білгір осы беделді жарыста Қазақстан құрамасы екі күміс жүлдені еншіледі. Биыл да сол жеңіс жолын жалғастырып, зор сенім артқан ұлттық командамыз абыроймен оралды.

«Қазақстан С» командасы теңдесі жоқ, яғни абсолютті чемпион атанды. Бұл – тамаша жетістік, бұл жеңіс осы турнирдің тарихында қалады. Жылдар зымырап өтеді, бірақ сіздердің балаларыңыз, осы қуанышты күндердің куәсі болған, сіздерді қолдаған, сіздерді мақтан тұтқан барлық адамдар бұл жеңісті әрдайым ерекше сезіммен еске алып, айтып отырады. Ал «Қазақстан А» командасы екінші орынға ие болды. Бұл да өте жақсы, бәрімізді қуантқан керемет нәтиже, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы «Томирис» қыздар құрамасының жетістігіне айрықша тоқталды. – Сұлу қыздарымыз өте жоғары деңгейде өнер көрсетті, шеберлікпен алға шығып, әйелдер арасында топ жарды. Қазақстанның намысын қорғаған бес құраманың бәрі де үздік 20 команданың тізіміне кірді. Бұл нағыз жасампаз отаншылдық деп күмәнсіз айтуға болады. Төрткүл дүние ұл-қыздарымыздың мықтылығына куә болды. Сондықтан тағы да атап өткім келеді, сіздер көрсеткен мықты тактикалық дайындық, айрықша күш-жігер мен тамаша топтық жұмыстың арқасында әлем жұртшылығы қазақтың батыл, қайсар және өр рухты ұлт екеніне көз жеткізді. Баршаныңа шынайы ризашылығымыз білдіремін. Барлық бапкер мен жаттықтырушыға және әскери басшыларға, басқа да мамандарға зор алғыс айтамын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы арнайы жасақ қызметкерлері мен әскерилер әрдайым тәртіп пен мінсіз кәсібиліктің үлгісін көрсетіп, мемлекет мүддесін қорғау үшін батыл әрекетке дайын болуы қажет екенін айтты.

– Қазіргі күрделі әрі тұрақсыз геосаяси ахуал ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тың тәсілдерін әзірлеуді талап етеді. Сондықтан мемлекет әскери-күштік құрылымдарды кешенді түрде жаңғыртуға, технологиялық тұрғыдан жан-жақты жарақтандыруға баса мән береді. Сіздердің жарыстағы табыстарыңыз – еліміздің күштік құрылымдарын жүйелі дамытудың, әскер қатарындағы жоғары моральдық рух пен физикалық даярлықтың нәтижесі. Сіздер Отанға қалтқысыз қызмет етіп, антқа адал болсаңыздар, Қазақстанның қорғаныс қабілеті нығая түсетініне сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қазір еліміз ауқымды өзгерістердің шешуші кезеңіне қадам басқанына назар аударып, 15 наурызда азаматтарымыз жалпыхалықтық референдумда Конституцияға қатысты өз таңдауын жасайтынын еске салды.

– Бұл – ел тағдырына тікелей әсер ететін аса маңызды шешім болмақ. Басты құжаттың жобасында егемендігімізді және мемлекеттігімізді нығайтатын мызғымас рухани және құқықтық құндылықтар бекітілді. Қазақстан Республикасының аумақтық, яғни жерінің тұтастығы, егемендігі, тәуелсіздігі, адам мен оның өмірі, барлық азаматтардың құқықтары және бостандықтары ең жоғары құндылықтар ретінде жарияланды. Жауапты әрі жасампаз отаншылдық ұғымы айқындалды. Әділетті Қазақстан идеясы, Заң және тәртіп қағидаты жана Конституция жобасында лайықты орын тапты. Мұның бәрін іс жүзінде орнықтыру – баршаға ортақ перзенттік парыз. Түптеп келгенде, жаңа Ата Заңымыз еліміздің одан әрі дамуына және өркен жаюына жол ашуы керек. Ал күштік құрылымдар мен арнайы жасақтар ел тәуелсіздігі және халық тұтастығының тірегі болуға тиіс. Себебі алдымызда тұрған мақсат – біреу. Бұл – келер ұрпаққа қуатты әрі озық мемлекетті аманат ету. Бәріміз бір ел болып осы тарихи миссияны міндетті түрде іске асырамыз. Ел қорғау – ең абыройлы міндет. Нағыз отаншыл, адал азаматтар ғана осы жолды таңдайды. Сіздер келешекте де ұлт мүддесіне мінсіз қызмет ете бересіздер деп сенемін, – деді Президент.

Мемлекет басшысының Жарлығымен UAE SWAT Challenge-2026 халықаралық жарысынан жеңіспен оралған бір топ офицер мен әскери қызметкер Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен марапатталды.

Марапаттау рәсімінде UAE SWAT Challenge-2026 турнирінің қатысушылары Нұрсұлтан Сапаров, Дарина Билденова, Максим Бухметов және Наталья Местоева сөз сөйледі.

ПРЕЗИДЕНТ СУМОШЫ ЕРСІН БАЛТАҒҰЛДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сумо спортының отаны Жапонияда зор жетістікке жеткен қазақстандық балуан Ерсін Балтағұлмен кездесті.

Президент спортшының былтыр Император кубогында «маэгашира» атағын, яғни сумо балуандарының ең жоғары дәрежесін иеленіп, жарыс қорытындысы бойынша «Канто-се» (жауынгерлік рух) арнайы жүлдесін алуымен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған жүлде табандылық пен қажырлы еңбектің жемісі екеніне тоқталды. Сондай-ақ бүгінде шет мемлекеттерде елімізді әлемге танытып жүрген жастарымыздың көбейіп келе жатқанын, мемлекеттің таланттар мен спортты қолдауға ерекше көңіл бөлетінін атап өтті.

– Жапонияға барған сапарымыз сізді Императордан бастап қарапайым халыққа дейін бәрі танытынын, құрметтейтінін байқадым.

Бұл – зор мәртебе. Жапонияда тұрсаңыз да қазақтың атын шығарып, еліміздің беделін биіктетіп жүрсіз. Сізге ерекше ризашылығымыз білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Ерсін Балтағұл Президентке ілтипат көрсеткені үшін ризашылығын білдіріп, еліміздің жас спортшыларымен кездесуді жоспарлап отырғанын жеткізді.

– Қазақстанның азаматы ретінде мақсатымыз еліміздің көк Туын 120 миллионнан аса халқы бар Жапонияға таныту болатын. Осы бағыттан таймай, еңбек етіп келеміз. Сондай-ақ Италиядағы қысқы Олимпиада ойындарында алтын медаль иеленген отандасымыз Михаил Шайдаровтың айтуы жетістігімен Өзіндік және



барша қазақстандықтарды құттықтаймын, – деді Ерсін Балтағұл.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев балуанға алдағы уақытта да халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, ел абыройын асқақтатуға және Қазақстан

мен Жапония арасындағы достықты нығайтуға үлес қоса беруіне тілектестік білдірді.

Президент спорт саласындағы елеулі еңбегі үшін сумошы Ерсін Балтағұлды II дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттады.

17 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ



РЕФЕРЕНДУМ ТӨҢІРЕГІНДЕ КҮШ БІРІКТІРУ МАҢЫЗДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 19 ақпанда болатын Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев елімізде қолға алынған конституциялық өзгерістер Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан реформалардың заңды жалғасы екенін атап өтті. Маңызы мен ауқымы жағынан тарихи кадам саналатын бұл бастама – қоғамның билік нақты жауапкершілік арқалайтын, ал заң бәрінен жоғары тұратын әділетті мемлекет қағидаттарын одан әрі нығайту жөніндегі сұранысына берілген жауап. Осыған байланысты Сенат Төрағасы алдағы референдум төңірегінде күш біріктіру маңызды екеніне назар аударды. Сондай-ақ ол «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін» Жалпыұлттық Коалициясы аясындағы жұмыстың мәніне тоқталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар конституциялық өзгерістер арқылы өз жалғасын табуда. Жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін дұрыс дәріптеу Коалиция жұмысына белсенді қатысуда. Ал келесі аптада барлық сенатор іссапармен өңірлерге барады. Соның аясында алдағы уақытта жана Ата Заң жобасының ережелері туралы кең көлемде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына басымдық берілуге тиіс», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар іс-шарада Бюро мүшелері «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік саланы және балалар спортына қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толық-

тырулар енгізу туралы» заңды Сенаттың жалпы отырысының күн тәртібіне шығару туралы қаулы қабылдады. Заңның мақсаты – экономиканы әртарапандыру, ішкі және келу туризмін дамыту, адам капиталын нығайту және балалар мен жасөспірімдер үшін спорттың қолжетімділігін арттыру жөніндегі мемлекеттік басымдықтарды іске асыру.

Аталған заң арқылы Қазақстан Республикасының 13 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Олар спорт саласында бюджеттен тыс қаражатты бөлетін бірінші оператордың қаржылық есептілігіне міндетті жыл сайынғы аудит жүргізуге қатысты нормаларды қамтиды.

Сонымен қатар алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы жанар-тыланың энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Құжат Қазақстанда жанар-тыланың энергия көздері саласындағы жобаларды бірлесіп іске асыру және тұрақты даму қағидаттарын енгізу арқылы климаттық күн тәртібі мәселелерінде тараптардың күш-жігерін біріктіруді көздейді.

Сондай-ақ Палатаның алдағы отырысында сенаторлар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасы бойынша Парламент Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамын бекітеді.

Одан бөлек, бүгін сенаторлар бұған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдарды жұмыс үшін Палатаның тұрақты Комитеттеріне бөліп берді.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫНА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ



Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық Коалициясы Жамбыл облысына келді. Өңірде Коалиция мүшелері жұртшылықпен, жастармен, еңбек ұжымдарымен және шағын бизнес өкілдерімен әңгімелесті. Кездесуге қатысушылар жаңа Конституция мемлекеттің ұзақ мерзімге негізделген ұлттық мүддесіне толық сай келетінін және оның дамуына қуатты серпін беретінін атап өтті.

«Көне Тараз» тарихи-мәдени кешенінде өткен жұртшылықпен кездесуге облыстың шамамен 500 тұрғыны – зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, медицина қызметкерлері, педагогтар және өзге де азаматтар қатысты.

Өз кезегінде Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президент қызметіне кіріскен сәтінен бастап жаңа Конституцияның негізі қалана бастағанын, ал құжаттың өзі ауқымды қоғамдық диалогтың нәтижесі екенін және азаматтардың әділдікке, заң үстемдігіне, сенімді болашаққа деген сұранысын айқын көрсететінін атап өтті.

«Референдум ұлтымның бірлігін, тұтастығын айшықтайды. Бұл Президенттің халқына арқа сүйейтінін, ал халық Президентке сенетінін көрсетеді. Ел дамуында референдум шешуші рөл атқарған мұндай мысалдар әлемде де жеткілікті. Мәселен, XIX ғасырдағы Швейцариядағы Конституция жөніндегі референдум, Франциядағы Бесінші республика құру бойынша өткен референдум дүниежүзі тарихында қалды. Алдағы біздің референдум да ел тарихында алтын әріппен жазылатын тарихи оқиғаға айналады деп санаймын. Сондықтан таңдау да, соңғы шешім де өздеріңізде», – деді ол.

Мәжіліс Спикері облыс тұрғындарының белсенді азаматтық ұстанымын, Мемлекет басшысының реформалары мен саясатына жүйелі түрде қолдау көрсетіп келе жатқанын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, жаңа Конституция жобасынан әрбір азамат өзін толғандырған сұрақтарға жауап таба алады. Оның негізінде «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағидат берік орнықты.

Кездесуге қатысушылар жобада әрбір қазақстандық азаматқа жақын Әділетті Қазақстан, Заң мен Тәртіп, Адал азамат, Таза Қазақстан сынды қастерлі құндылықтар бекітілгеніне назар аударды. Ал Президенттің іс жүзінде жүзеге асырылып жатқан «халықпен бірге» қағидаты ел азаматтарының мемлекет болашағын айқындау ісіндегі өз ролін терең сезінуіне мүмкіндік берді.

Кездесу барысында Коалиция мүшелері жобадағы негізгі новеллалар туралы баяндады. Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ адам құқығына кепілдік беру аясы кеңейгеніне және азаматтардың әлеуметтік тұрғыда қорғалуына назар аударды. «Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясының Төрағасы Азат Перуашев кәсіпкерлік пен экономиканы дамыту үшін түсінікті әрі тұрақты ережелерді бекітудің маңызын атап өтті. Тарихшы әрі археолог Сауран Қалиев прамбулада Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығы көрініс табуы мемлекеттің бірегейлігін айқындап, даму бағдарын белгілейтінін жеткізді. «Анаға тағзым» орталығының директоры Эльмира Мырза-Ғали дәстүрлі отбасылық құндылықтарды нығайтудың маңызына тоқталды. Оның айтуынша, құжатта отбасы институтының мәні мен маңызы, аға буынға құрмет, балаларға қамқорлық және тәрбие беру ісіндегі сабақтастық бекітілді. Бұл – қоғамның тұрақтылығы мен бірлігінің берік негізі.

Өз сөзінде Мәжіліс депутаты Айдоос Сарым әлемде күрделі геосаяси өзгерістер жүріп жатқанын, бұрынғы халықаралық тәртіп біртіндеп өз маңызын жоғалтып, мемлекеттер жана жағдайға бейімделуге мәжбүр болып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, дәл осы тұста мемлекеттің ішкі тұрақтылығын алдын ала нығайтып, жүйелі реформалар арқылы орнықты дамуды қамтамасыз ету аса маңызды. Жаңа Конституция осындай кешенді жаңғыруды қамтамасыз етеді.

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі Жақсыбек Құлекеев жаңа Конституцияда алғаш рет адами капитал – білім, ғылым және инновация стратегиялық басымдық

денгейінде бекітілгенін, себебі дәл осы салалар заманауи экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналғанын атап өтті.

Тараз қаласында студент жастармен де кездесу өтті. Оған 500-ден астам адам – жастар ұйымдарының көшбасшылары, белсенділер және студенттік өзін-өзі басқару өкілдері қатысты. Қатысушылар жаңа Конституцияда адами капиталды дамыту және білім экономикасын қалыптастыру мәселесі басым бағыт ретінде айқындалғанын атап өтті. Құжат аясында жастарға берілетін жаңа мүмкіндіктер жан-жақты талқыланды. Олардың қатарында білім, ғылым және инновацияны жетілдіру, жас мамандарға қолдау көрсету және өзін-өзі дамытуға тең жағдай жасау мәселелері бар.

«Қазфосфат» ЖШС-ның өндіріс алаңында Коалиция мүшелері кәсіпорынның еңбек ұжымымен кездесті. 100-ден астам қызметкер қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайына қатысты тікелей мемлекеттік кепілдіктің Конституция денгейінде бекітілуінің маңызын атап өтті. Зауыт жұмысшылары жаңа Конституция жобасын Еңбек адамының құқығын қорғауды күшейтуге және оның ел дамуындағы ерекше ролін мойындауға бағытталған нақты кадам ретінде бағалайтындарын жеткізді.

Аса ауылында «Қарызызсыз қоғам» жобасына қатысушылармен – шағын және микробизнес өкілдерімен, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтармен және ауыл тұрғындарымен кездесу өтті. Мәжіліс депутаты әрі жоба жетекшісі Дәулет Мұқаев бұл бастаманың жүйелі жүзеге асуы білім беру және қолдау көрсету қалалары адамдардың өз өмірін өз бетінше өзгертуіне нақты мүмкіндік беретінін айқын көрсеткенін атап өтті. Әр азамат адал еңбек етіп, өз ісін дамытып, болашаққа сеніммен қарай алатын осындай мүмкіндіктер қоғамы енді Конституция денгейінде бекітіліп отыр. Қатысушылар жаңа Негізгі заңның прамбуласында Әділетті Қазақстан идеясы мен «Заң мен тәртіп» қағидатының көрініс табуын толық қолдайтындарын жеткізді.

Осы күні Super-pharm фармацевтикалық зауытының ұжымымен кездесу өтті. Кәсіпорын қызметкерлері алдағы референдумда жаңа Конституцияны қолдауға дайын екендерін мәлімдеді. Олардың айтуынша, құжат жобасында жарияланған тен мүмкіндіктер мен адал бәсекелестік құндылықтары мемлекеттің экономикалық өсімін қамтамасыз ететін кәсіпорындардың дамуы үшін аса маңызды.

Кездесулер қорытындысы бойынша Жамбыл облысының тұрғындары жаңа Негізгі заң жобасын қолдайтындарын білдіріп, оның қоғамды біріктіру және мемлекетті ұзақмерзімді дамыту ісіндегі маңызын атап өтті. Барша қатысушы 15 наурызда референдумға келіп, жаңа Конституцияға дауыс беруге және Қуатты, Әділетті әрі Прогрессивті Қазақстан құру ісіне өз үлестерін қосуға дайын екендерін жеткізді.

Еске сала кетейік, «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық Коалициясы биыл 13 ақпанда құрылды. Оның құрамына 5 саяси партия мен шамамен 300 қоғамдық ұйым кірді. Олар 5 миллионға жуық қазақстандық азаматты біріктіруде.

Жалпыұлттық Коалицияның баспасөз қызметі
Суретті түсірген: Әли Ғалым
Дайындаған:
«AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС
Тапсырыс беруші: М.Ж. Оспанов
«AMANAT» партиясы» ҚБ қаражатынан төленді

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
РЕФЕРЕНДУМ

«Референдум тағайындалған күн туралы»

2026 жылдың 15 наурызында
Республикалық референдум өтеді.
Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа
толған Республика азаматтары ие болады.
Референдум ерікті қатысу, еркін ерік
білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға
бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс
беру қағидаттарына сай өтеді.

Референдумда «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында
2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан
Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?»
деген сауал қойылады. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

www.election.gov.kz

БАҒДАР

17 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

МЕМЛЕКЕТ
ЖАҢА БУЫНҒА АМАНАТ

Елорда жастары Конституциялық реформаға қолдау көрсетіп, live-концертке қатысты. Іс-шара 10 мыңнан астам адамды біріктіріп, «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпұлттық коалициясы жұмысы аясындағы алғашқы ірі қоғамдық алаңдардың біріне айналды. Концерт барысында қазақстандықтарды алдағы референдумға қатысып, жаңа Конституция жобасы бойынша өз ұстанымын білдіруге үндеу жасалды.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, конституциялық өзгерістер — елдегі жүйелі саяси жаңғырудың жалғасы. Оның айтуынша, реформалардың негізгі мақсаты — әділдік пен заң үстемдігі қағидаттарын нығайту, өкілді институттардың ролін күшейту және билік тармақтарының өзара іс-қимылының неғұрлым теңгерімді моделін қалыптастыру. Президент ұсынылған өзгерістердің мәнін ашық түрде қоғам талқысына шығарып, халықты кенінен ақпараттандыру маңызды екенін де атап өткен еді.

Іс-шара қоғамдық мәдени акция форматында өтіп, оған елорда тұрғындары мен қонақтары жиналды. Сахнада белгілі қазақстандық орындаушылар Raim, Дастан Оразбеков, Bayansulu, Nazzarbeck, Ақтоғы Бошова және өзге де әртістер өнер көрсетті. Концерттік бағдарлама жалпұлттық коалиция мүшелерінің тақырып аясындағы баяндамаларымен жалғасын тапты. Жарқынбек Амантай, Мақсат Толықбай, Айкерім Есенәлі, Акерке Искандерова жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, алдағы референдум туралы азаматтарды хабардар етті. Сондай-ақ олар саналы тандау жасау мен белсенді азаматтық ұстанымның маңызын атап өтті.

Өз сөзінде Жарқынбек Амантай конституциялық өзгерістер елдің саяси дамуының жаңа кезеңін және бүгінгі реформалар арқылы жүзеге асырып отырған жаңғырудың тарихи әлеуетін айқындайтынын атап өтті. «Ата Занымыз заман талабын сай және жаңа сын-тегеуріндерді ескере отырып әзірленді. Бұл еліміздің дамуына және мүддесін қорғауға мүмкіндік береді. Әрбір қазақстандық референдумға қатысу арқылы өз азаматтық ұстанымын білдіріп, әділетті, ашық әрі заманауи мемлекеттің дамуына үлес қосуға тиіс», — деді ол.

Ал Мақсат Толықбай жаңа Конституция жобасы ел дамуының заманауи басымдықтарын айқындайтынын және Егемендік пен азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтетінін атап өтті.

«Құжатта білім, ғылым, инновация мемлекеттің басты стратегиялық бағыты, негізгі құндылығы ретінде айқындалды. Қолданыстағы Конституцияда халықтың мемлекеттік биліктің қайнар көзі екені жазылса, ал жаңа құжатта мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендіктің иесі екені бекітілді», — деді Мақсат Толықбай.

Акерке Искандерованың айтуынша, жаңа Конституция жобасы азаматтардың қатысу аясын кеңейтіп, жастардың қоғамдық процестерге белсенді араласуына жағдай жасайды.

«Ұсынылып отырған өзгерістердің түпкі мәні — тәуелсіздігімізді нығайту, қорғау және жаңа буынға қуатты мемлекетті аманат ету. Алдағы референдум — бұл жай ғана дауыс беру емес, әрқайсымыздың ел тағдырына қосатын үлесіміз. «Менің пікірім маңызды» деп айту мүмкіндігі. Болашақ өз қолымызда», — деді ол.

Сонымен қатар Айкерім Есенәлі елдің құқықтық негізін қазіргі заман талабына сай жаңғырту қажет екенін атап өтті.

«Еліміздің дамуына жаңа қағидалар мен заманауи заңнамалық шешімдер болуға тиіс. Балаларымыздың, жастарымыздың болашағы жарқын әрі сенімді болуы үшін бізге жаңа Конституция қажет», — деді Айкерім Есенәлі.

Ұйымдастырушылардың мәлімдеуінше, іс-шара 10 мыңнан астам адамды біріктіріп, жалпұлттық түсіндіру науқаны аясындағы алғашқы ауқымды қоғамдық алаңдардың біріне айналды. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін жетекші саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар өкілдерін біріктірген коалиция құрылғаны туралы хабарланды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ –
МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» ұлттық бастамасы аясында жаңа экологиялық мәдениет қалыптасып, туған жердің тазалығы мен көркейтуді не азаматтардың жауапкершілігі арта түсуде. «AMANAT» партиясы бұл бастаманы «Таза бейсенбі» жобасы арқылы тұрақты түрде іске асырып, апта сайын белсенді азаматтардың қатысуымен қоғамдық кеңістіктерді тазалау, абаттандыру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Абай облысы Ақсуат ауылында «Таза бейсенбі» акциясы Үрғызбай Досқанаұлы атындағы стадион маңындағы саябақта өтті. Тазалық жұмысына 100-ге жуық партия мүшесі қатысып, арнайы техниканың көмегімен аумақты қардан тазартты.

«Қоршаған ортаның тазалығын сақтау — аса маңызды міндет. Мұндай акциялар тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді», — деді аумақтық партия филиалының атқарушы хатшысы Тілеукабыл Көнекбаев. Шымкент қаласында кезекті тазалық акциясы әл-Фараби ауданының Ордабасы алаңы маңындағы Қошқар-ата өзенінің жағалауында ұйымдастырылды. Іс-шараға қалалық және аудандық партия филиалының қызметкерлері, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері және «Жамбыл» бастауыш партия ұйымының мүшелері қатысты.

Жастар қанатының белсендісі Мәди Құнтудың айтуынша, тазалық — әр адамның мәдениеті мен жауапкершілігінің көрсеткіші. Сонмен қатар Павлодар облысында «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері тазалық жұмысын «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында іске асырды. Олар жалғыздікті зейнеткерлерге көмек көрсетіп, үй ауласын қардан тазалады, үй ішін жинауға және ас дайындауға жәрдемдесті. Ұйымдастырушылардың айтуынша,

Ал Шығыс Қазақстан облысы Алмасай ауылының тұрғындары қоғамдық орындар мен көшелерді ретке



келтіріп, тұрмыстық қалдықтарды жинады.

«Тазалық — әр азаматтың жауапкершілігі. Осындай акция арқылы біз табиғатқа жанаушылық танытып қана қоймай, өскелең ұрпаққа үлгі көрсетеміз. Бірлескен іс-шаралар ауылымызды көркейтіп, бірлігімізді нығайтады», — деп атап өтті акция қатысушысы Марғұлан Болатұлы.

Жамбыл облысында тазалық акциясы Мойынқұм ауданына қарасты Жамбыл ауылының аумағында өтті. Қатысушылар Ж.Қуанышбаев көшесінің бойындағы қоқыстарды жинап, қар тазалады. Осылайша, жаяу жүргіншілер мен көліктердің қозғалысына қолайлы жағдай жасалды. Акцияға «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері және «Жамбыл» бастауыш партия ұйымының мүшелері қатысты.

Жастар қанатының белсендісі Мәди Құнтудың айтуынша, тазалық — әр адамның мәдениеті мен жауапкершілігінің көрсеткіші.

Сонымен қатар Павлодар облысында «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері тазалық жұмысын «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында іске асырды. Олар жалғыздікті зейнеткерлерге көмек көрсетіп, үй ауласын қардан тазалады, үй ішін жинауға және ас дайындауға жәрдемдесті. Ұйымдастырушылардың айтуынша,

мұндай бастамалар ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, жастардың бойында құрмет, қамқорлық және әлеуметтік жауапкершілік қасиеттерін қалыптастырады.

Ақмола облысында «Таза бейсенбі» жобасы шеңберінде Целиноград ауданының Қараменді батыр ауылындағы мектеп ұжымы мен оқушылары тұрғындарға тұрақты түрде көмек көрсетіп келеді. Жұырда оқушылар карт тұрғынның ауласын қардан тазалауға көмектесті. Жұмысты үлкен жауапкершілікпен атқарған оқушыларға қария ризашылығын білдірді. Бұл бастама жас буынның бойында үлкенге құрмет, ізгілік және белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыруға ықпал етеді.

Сондай-ақ Қызылорда облысының Жаңақорған кентіндегі «Көшпелі базар» аумағында да тазалық акциясы ұйымдастырылды. Партия филиалының қызметкерлері, жастар қанатының белсенділері және коммуналдық қызмет өкілдері жаяу жүргіншілер көп жүретін жолдарды қардан тазалады.

Экологиялық акция тұрғындар арасында тазалық мәдениетін қалыптастыру және экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталған жүйелі бастама ретінде алдағы уақытта да жалғасалды.

Елнар ЕЛТАЙ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА –
САЯСИ ЖҮЙЕНІҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Ел арасында жаңа Конституция жобасы қызу талқыланып жатыр. Заңды дүние. Осыдан 10-15 жыл бұрынғы қоғамның саяси үдерістерге деген көзқарасын қазіргі көзқараспен мүлдем салыстыруға болмайды. Бұрын Конституция жобасын жалпы қолдаймыз деген басып пікірлер болса, қазір қоғамда жаңа Конституция жобасының әр бабын жіктеп-жіліктеп, өз көзқарастарын білдірушілер әлеуметтік желіде ашық талқылауда.

Жаңа Конституция жобасының бұрынғы Конституциялардан басты айырмашылығы — преамбуласының жаңғыруында. Қазақстан халқының біртұтастығы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттікті нығайта отырып, Ұлы даланың мыңжылдық тарихын сақтап, мемлекеттің унитарлық сипатын айта келіп, Әділетті Қазақстан идеясы және «Заң мен тәртіп» дей келе, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеген. Мүлтіксіз деген сөз ешбір Конституциямызда көрініс бермеген, демек қағидалар шегеленіп, құндылықтарға таразылап барып, мақсатымызды айқындап, 11-бөлімде тарқатылады.

Қолданыстағы Конституцияның 1-бабында ҚР өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады десе, Жаңа Конституция жобасында Қазақстан Республикасы — демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет деп алыстан орағытпай нүкте қояды. Жаңа Конституция жобасында 3-бап адам капиталын, білімді, ғылымды, инновациялық дамуды стратегиялық бағыт деп таниды. Ал 4-бап мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі — Қазақстан халқы делінген, яғни Қазақстан халқын Егемендік иесі деп нақтылайды.

Сондай-ақ Жаңа Конституция жобасының 7-бабының 1-тармағында дін мемлекеттен бөлек деп көрсетілген.

12-бабының 3-тармағында Қазақстан Республикасының азаматында қос немесе көп азаматтығы болуына жол берілмейтіні жазылды. Өзге ел азаматтығының болуы Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуына негіз болады деп кесіп айтылған. Қолданыстағы Конституцияда бұл норма айқындалмаған болатын. Жаңа Конституцияның жобасында 19-баптың 1-тармағында заңды күшіне енген сот үкімімен адамды кінәлі деп танымайынша, ол жасалған қылмыстық құқықбұзушылыққа кінәлі емес деп саналады. Бұл да бұрын көрсетілмеген норма. 21-баптың 1, 2, 3-тармақтарындағы азаматтардың дербес деректерінің құпиялығына заңмен кепілдік берілуі — өте қажет дүние. Сондай-ақ 23-баптағы зияткерлік меншіктің заңмен қорғалуы, сөз еркіндігіне, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік берілуі де қуантады.

Елдің көкейінде жүрген неке және отбасындағы одақты тіркеу жөнінде жаңа жобала 30-баптың 2-тармағында неке — еркек пен әйелдің мемлекет заңға сәйкес тіркелген ерікті және тең құқықты одағы деп нақтылау қолданыстағы Конституцияда болмаған еді. Бұл — дәстүрлі отбасыны сақтауға ұлт тәрбиесі үшін аса құнды дүние.

Жаңа Конституция жобасындағы елді елен еткізген заң нормасы — 46-баптың 2-тармағы. Онда «Қазақстан Республикасының Президенті депутаттардың

жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Вице-президентін тағайындайды, лауазымынан босатады, өкілеттігін айқындайды» деп жазылған.

Сонымен қатар Құрылтай Вице-президентті тағайындауға келісім беруден қайта бас тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратады десе, 46-баптың 8-тармағында депутаттардың санының көпшілік дауысымен Конституциялық Соттың 10 судьясын 8 жыл мерзімге, Орталық сайлау комиссиясының 6 мүшесін 5 жыл мерзімге, Жоғары аудиторлық палатаның 8 мүшесін 5 жыл мерзімге тағайындайды және оларды лауазымынан босататынын көрсетілген.

Жаңа жобаның 86-бабында адамның мемлекет кепілдік берген сот арқылы қорғалу құқығын және заң көмегін алуын, адвокаттар қызметін жүзеге асыру тәртібін және адвокаттар құқықтары мен міндеттері, жауаптылығы айқындалған. Қолданыстағы заң нормасында адвокаттар ролі сот пен прокуратура сияқты айқындалмаған болатын. Бұрын адвокаттарға тергеу изоляторындағылармен кездесуге шектеу қойылып, қылмыстық іспен танысу қиындық туыратын. Енді адвокаттардың ролі Конституцияда айқындалса, қоғамда адвокаттардың кәсібилігі арқылы әділ шешім шығаруға және заң үстемдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Жаңа Конституция жобасындағы қазіргі Парламенттің Құрылтай аталуы халық арасында айрықша қолдауға ие. Бұл жаңа жобаның Құрылтай деп аталатын IV бөлімін қамтиды. Конституция жобасының VI бөлімінде халықтың құлағына жағымды естілгені — Қазақстан Халық Кеңесі деп аталатын 70 және 71-баптар. Құлаққа жағымды дейтін себебін, халық әр кезде билікке ойын жеткізгісі келеді, мәселенің шешілуін қалайды, биліктен кері байланыс күтеді. Сондықтан бұл орган ұтымды саналады. Халықтық Кеңес — шетелдік тәжірибе көрсеткен тиімді институт. Францияның «Азаматтық конвенциялар» жүйесі арқылы жинақталған ұсыныстары мемлекеттік шешімдерге негіз болды, Германияда қоғаммен кенесу — міндетті процесс. Швеция, Норвегия, Финляндияда мемлекеттік реформалар міндетті түрде қоғамдық талқылаудан өтеді, ал Ұлыбританияда ірі реформа пікірталастағы ұсыныстардан жинақталады.

Құрамы 126 адамнан құралатын Халық Кеңесі, этномәдени бірлестіктерден, мәслихаттар мен қоғамдық кеңес арқылы қоғамдық ұйымдардан тұрады. Ал құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттілігі, қызметінің ұйымдастырылуы конституциялық заңда айқындалады. Халықтық Кеңес мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары — қоғамдық келісім, жалпұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту, жалпұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Сонымен қатар Құрылтайға заң жобаларын енгізеді, жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді. Халық Кеңесі — халықтың сөзін ең бірінші естітін, билікке, заң шығарушы органға нақты шешім қабылдауға мүмкіндік беретін ашық алаң. Бұл құрылым қағаз жүзінде емес, шынайы халықпен қоян-қолтық пікірлесіп жұмыс істеуге тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, Халық Кеңесі қүзіретіне Ұлттық құрылтай мен Қазақстан халқы ассамблеясының міндеттері өтетін болады.

Жаңа Конституция бойынша дұрыс шешім қабылдау — азаматтық парызымыз. Мен балаларымның болашағы мен тыныштығы үшін Әділетті Қазақстанның кірпішін қалаушы азаматтардың бірі және ана ретінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталып деп кепілдік берілуін қалаймын. Ел қарқынды дамуы үшін «Заң мен тәртіп» қағидатын, Әділетті Қазақстан идеясын ұстанып, тарихи сабақтастықты сақтайтын, құндылықтарымызды арқау еткен, халықтың барлық топтарының мүддесін қорғайтын жаңа Конституция жобасының халық ішінде талқылануы мемлекеттің демократиялық үдерісін көрсетеді.

Қалыма ЖАНТӨРЕЕВА,
«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары, Түркістан облыстық мәслихат депутаты, Әйелдер қанатының облыстық жетекшісі

НАРЫҚ

17 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ



А Айхан ШӨРІП

(Басы 1-бетте)

**БОЛЖАМДЫ БАСЫП
ОЗҒАН САЛА**

— Қазақстан мұхит жолдарынан тысқары тұрса да, Сары теңіз бен Қара теңіздің арасында жүк терминалдарының желісін қалыптастырды. Еліміздің аумағы арқылы өтетін 12 халықаралық көлік дәлізі — 5 теміржол, 7 автокөлік дәлізі бар. Қытай мен Еуропа арасында құрылған жеткізілетін жүктің шамамен 85% осы жолдармен тасымалданады, — деді Президент. Осы халықаралық магистралдардың өнімінде құрылыс жұмыстары жүргізілуі үстінде. Бұл — ерік-жігердің жеңісі.

Үшіншіден, тұрғын үй құрылысы үледі. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2025 жылы республикада 20 млн 99,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Ел игілігіне тапсырылған баспананың жалпы ауданы 2024 жылғыдан 5,1% артты. Ең қызығы, тек қалалықтардың бір бөлігіне қолжетімді зәулім үйлермен шектелмейді. Оның ішінде 13 523,7 мың м² — көппәтерлі тұрғын үй, 6 416,2 мың м² — жеке тұрғын үй. Биыл бұл рекордты да жаңарту көзделіп отыр.

Төртіншіден, Қазақстанда әлеуметтік нысандар құрылысы да күш алды. Мысалы, Президент заңсыз активтерді елге қайтару осы салаға қозғау салып, екінің бергенін тілге тиек етті. Арнайы мемлекеттік қордағы қаражат есебінен елде жалпы құны 482 миллиард теңге болатын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысан салынып жатыр. Қатарында 227 сумен қамту, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 5 спорт, 8 инфрақұрылым нысанының құрылысы бар.

Сондай-ақ Павлодар, Арқалық, Балқаш және басқасында жаңа әуежайлардың іргетасының қалануы — елдің аспанында да, жерінде де құтты арттырар шаруалар атқарылып жатқанының белгісі. Қ.Тоқаев бұл жұмыс жалғаса беретінін қадап айтты. Ендеше құрылыстың арғы қарай өрістейтін түрі бар. Соған сәйкес құрылыс материалдарына деген сұраныс та арта беретіні даусыз.

КҮРЕТАМЫР КЕЛЕШЕГІ

Қазақстан бойынша теміржолдың әлеуеті артып келеді. Теміржол желілері ұзартылып, жаңарып, жаңадан бекеттер салынып, көрші елдерге шығатын бағыттар жаңғыртылып жатыр. Бұл өз кезегінде ел экономикасының қарқын алуына елеулі үлес қосады деген сенім бар. Ал саладағы күрмеулі түйіндерді шешу уақыт талабынан туындап отыр.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Мемлекет басшысы Жолдауда да, Ұлттық құрылтайда да теміржол саласын ұдайы дамыту қажеттігіне тоқталған еді.

Үкімет дерегіне, 2023 жылы теміржол арқылы тасымалданған жүк көлемі 246 млн тоннадан асқан, бұл былтырғымен салыстырғанда 3,3 пайызға артық. Жоллаушыларды тасымалдау көлемі 2,5 пайызға артып, 17 млн-нан артық жолаушыны тасымалданған. 2024 жылғы теміржол көлемінен 19,2 млн жолаушы және 390,5 млн тонна жүк тасымалданыпты. Жолаушылар тасымалы алдыңғы жылмен салыстырғанда 5,5 пайызға көбейген. 2025 жылы тасымалдау көлемі 320 млн тоннаны құрапана. Бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,5 пайызға артық. Сондай-ақ 2029 жылға дейін 11 мың шақырым теміржол учаскесін жөндеу қарастырылған. Бүгінде 4,4 мың шақырымнан астам жол жұмыстары орындалыпты. Соның ішінде 1 575 шақырымы аяқталған. Жалпы, 775 локомотив пен 2,7 мың фитингтік платформаны жеткізу бойынша уағдаластықтар бар. Бүкіл ел бойынша 124 теміржол вокзалын жаңғырту басталған.

ТАСЫМАЛДЫҒЫҒА ҰЛҒАЙҒАНЫ — ТАБЫСТЫҒА АРҚАНЫҒЫҒА БЕЛГІСІ

Кейінгі жылдары пойыздар жаңарып, сервис жақсара түскендігі мәлім. ҚТЖ дереккөздерінде, 2024 жылы компанияның кірісі 2,2 триллион теңгеге жеткен екен. 2025 жылғы кірісі 2,7 триллион теңге болса, таза пайда 9 еседен астам — 16 миллиардтан 158 миллиард теңгеге дейін ұлғайған. Жалақы қоры 286–662 миллиард теңгеге дейін өсіпті. Кейінгі жылдары 424 жаңа локомотив пен 369 жолаушылар вагоны сатып алынған. Алайда аталған көрсеткіштермен тоқтап қалуға өсте болмайды.

Өйтсе де, Еуразиялық франчайзинг қауымдастығының президенті Бекнұр

Кисыков теміржол саласында қордаланған проблемалар бар деп отыр. Ол сонымен қоса, акция мен қаржы айналымын ашық ету керектігін айтып, ескірген вагондарды алмастыру қажет деп санайды. Экономист мәселеге біржақты баға беру саланы дамытпайтынын алға тартты.

— Қазақстанның Еуразия кеңістігінде онтайлы орналасқанын үнемі айтып келеміз. Теміржол тасымалы арқылы Қытай—Ресей, Орталық Азия, қала берді Таяу Шығысқа дейін жүк тасымалдауды дүгітейміз. Біз арқылы 3–4 мың шақырымды басып өтетін жолаушылар, жүк пойыздары транзит үшін төлейді. Нидерланды, Германия транзиттен қыруар табыс табады. Теміржол тораптарынан түсетін кіріс, цифрлық жүйе арқылы қалағаланғаны дұрыс. Мәселен, саланы дамытуға 100 теңге салсақ, ол 1000 теңге болып қайтты ма, әлде басқа максаттарды жұмсалды ма, біліп отыруымыз керек. Әзірге бізде бұл мәліметтер ашық емес. АҚШ, Еуропа нарығындағы пойыз жол компанияларының акциясы ашық сатылымда, ал бізде олай емес. Демек, біздегі инвесторларға теміржол бағытына қаржы құю, саланы дамытуға жол жабық деген сөз. Бәлкім, қоғамдық бақылау комиссиясын құрған абзал. Бізде 50–60 жыл болған ескі вагондар әлі қолданыста бар. Алматыдан Астанаға жету үшін 24 сағаттан артық уақыт жұмсайсыз. Жолаушылардың бәрі «Тулар-талғо» билетін сатып алып, қатынай алмайды ғой. Голландияда 200 километр сағатпен заулайтын жылдам пойыздар бар. Осы мәселелерді жүйелеп, «Қазақстан темір жолын» дефолтқа емес, табысқа шығуы қажет. Егер мықтап қолға алсақ, біршама уақыттың ішінде саланы барынша дамытуға болады, — дейді экономист.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы Ардагерлер кенесінің төрағасы, құрметті теміржолшы Берік Айтбеков елдің теміржол саласын оңсыз да қарқынды дамып келе жатқанын жеткізді. Оның сөзіне қарағанда, жаңа технологиялық үдерісті игеріп, теміржол

ДАМУДЫҒА ДАРА ДРАЙВЕРІ

әзірледі. Құжатта әрбір сектор бойынша, соның ішінде құрылыс материалдары саласындағы нақты шаралар егжей-тегжейлі пысықталған екен.

Саланы экономикадағы жүйелі әрі шешуші рөлін ескере отырып, бұдан былай Үкімет экономикалық штабтың отырыстарында оның әрбір қосалқы саласын жеке қарайтын болды. Көркем тілмен түйгенде штаб отырысында әрбір кіріпін пен әрбір тақтаның тағдыры жеке қаралатын болды. Бұл — болашағы жарқын салаға деген үкіметтік «махаббаттың» көрінісі болса керек. Және жай қарап қоймай, түйкілі проблемалары, осал жерлері, тосыннан туындаған шектеулер, өсімге келергі келтіретін тосқауылдар жан-жақты талданып, шешімі ізделмек.

Әрине, бәрі мінсіз десек, ақиқаттан аттап кету болар еді. Саланың талмау тұстары жетерлік. Оның бір тармағы тасымал-логистиканы қамтиды. Мәселен, цемент экспорттайтын ірі қазақстандық компания логистикалық кедергілерге тап болып, өнімін көршілес елге өткізе алмай қалған. Бұл мәселеге мемлекет желд араласып, қолдау көрсетті. Өңірлік прокуратураның мәліметінше, Жамбыл облысында ірі инвестордың трансшекаралық экспорт мәселесі шешімін тапты. Бұған дейін кәсіпорын Қырғыз Республикасына өнім тасымалдауда күтпеген қиындықтарға кезіккен.

Мәселе облыс прокурорының Қордай ауданындағы бизнес өкілдерімен кездесуінде анықталды. Шекарадағы кідірістер салдарынан экспорттық жобаны тоқтап қалу, зауыттың жабылу қаупі туындапты. Прокуратура Шекара қызметімен және Мемлекеттік кірістер департаментімен хабарласып, іс-қимылды үйлестіру жұмыстарын ұйымдастырды. Экспорт ағындарын баламады өткізу бекеті арқылы бағыттауға мүмкіндік беретін құқықтық тетіктер табылып, іске қосылды. Айта кету керек, Президенттің тапсырмасымен қазіргі кезде Қазақстанда инвесторлар бойынша омбудсмен функциясы прокуратура органдарына жүктелді.

ИНВЕСТИЦИЯ — СЕНІМНІҢ ӨЛШЕМІ

Қалай болғанда, ел Үкіметі құрылыс материалдары өндірісін «келешегінен мол үміт күттіретін» перзентіндей қызғыштай қорып, мәлелеп өсіретін болады. Сала мәселелерін кешенді талқылау және оның

даму әлеуетін айқындау үшін Үкімет жанындағы экономикалық штаб жұмысына салалық қауымдастықтар мен нарықтағы ірі қатысушылар тартылады. Экономика министрлігінің ақпараттына, қолдау арқасында 2026 жылы құрылыс материалдары өндірісінде кем дегенде 6% өсімге қол жеткізу жоспарланып отыр. Бұл портланд-цемент, керамикалық плиталар, темірбетон бұйымдары мен тауарлық бетон өндіру көлемін арттыру есебінен қамтамасыз етілмек.

Үкімет басшысының орынбасары Серік Жұманғарин бұл сала халықтың өмір сүру сапасының артуын айғақтайтын көрсеткіш, өзіндік бір өмір айнасы екенін жеткізді. Халық жаңа баспанада қоныс тойын тойламаса, қазақстандықтар жылжымайтын мүлкікті сатып алуды тыйса, болмаса, экономика еңсесін тіктей алмай, инфрақұрылымдық, әлеуметтік нысандар бой көтермесе, құрылыс материалдарына да сұраныс болмас еді. Сондықтан ол министрлер мен әкімдерге 2026 жылы да осы қарқынды сақтауды тапсырды. Бұл міндеттің орындалуына Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі жауапты болады әрі жетекшілік етеді.

Өңірлердің ресурстық және инфрақұрылымдық әлеуетін тиімді пайдалану қажеттігін ескере келе, Серік Жұманғарин Жол картасын әзірлеуді желдетуді жүктелді. Ол құжат 2026 жылы экономикалық өсім үшін аса маңызды, пәрменді шаралардан, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінің ілгерілеу қарқынды қамтамасыз ететін, құрылыс материалдары өндірісін қолдайтын нақты тетіктерден тұруға тиіс. Саладағы серпінді өсім отандық әрі шетелдік инвесторлардың назарын аударды. Ranking агенттігі деректеріне сәйкес, құрылыс материалдарын өндіру саласына салынған инвестициялар 3 еседен астам артқан.

— Қазақстанда құрылыс материалдарын өндіру инвесторлар үшін тартымды бағытқа айналды. Соңғы жылдары бұл өнеркәсіп секторы ел экономикасындағы рөлін күшейтіп, ішкі қосылған құнды ұлғайтты. Бүгінде жаңа тұрғын үйлерді әрлеу мен пәтерлерді жөндеуге қажетті негізгі құрылыс материалдарының үлкен бөлігі отандық өнім. Олар сапасы жағынан импорттық баламалардан кем түспейді. Ең бастысы, қазақстандық кәсіпорындар енді тек минералдық шикізат қана емес, одан лайын құрылыс материалдарын өндіреді. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін компаниялар

жаңа өндірістік қуаттарды іске қосуға, технологияларды жетілдіруге және өнім түрлерін кеңейтуге қомақты қаржы салып жатыр, — деді агенттік сарапшылары.

Ұлттық статистика бюросының дерегіне, 2025 жылы метал емес минералдық өнімдер өндіру саласында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 222,3 миллиард теңгеге жеткен. Бұл 2024 жылдың қантар—желтоқсан айларымен салыстырғанда шамамен төрттен бірге көп. Соңғы бес жылға қарағанда капитал салымы 3,3 есеге артқан.

Өңірлер бойынша деректер құрылыс материалдарын өндіру бизнесі еліміздің әрбір ірі қаласы мен облысында дамып жатқанын көрсетеді. Былтыр салаға ең жоғары капитал салымы Қарағанды облысында (47,2 млрд теңге) және Алматы облысында (30,3 млрд теңге) тіркелді.

Құрылыс материалдары өндірісі экономикалық тартымды салаға айналғанын өзге де деректер дәлелдейді. ҰСБ мәліметіне сай, түрлі ерітінділер, құрғақ құрылыс қоспалары, шпатлевка, сылақ, желім, жіктеу қоспалары және метал емес минералдық өнімдер санатына жататын өзге тауарлар шығаратын қазақстандық кәсіпорындар саны 2020—2025 жылдары екі еседен астам өсіп, 98-ден 212-ге жеткен.

Нарықта негізінен ірі компаниялар басымдыққа ие. Мұны инвестициялар құрылымынан да аңғаруға болады. Мәселен, былтыр сектордағы капитал салымының 70,4% немесе 156,5 миллиард теңгесі компаниялардың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылған. Соңғы жылдары қазақстандық компаниялар ішкі нарықты негізгі құрылыс материалдарымен толық қамтамасыз ететін деңгейге жеткізді. Импорты алмастыру міндеті шешілген соң, өндірушілер сыртқы нарықтарға да белсенді шыға бастады. Бұл жетістік жеке келеген компаниялардың табысын арттырып қана қоймай, ең алдымен Қазақстанның сапалы өнім жеткізуші ретіндегі имиджін қалыптастырып жатыр.

Бүгінде қазақстандық құрылыс компаниялары АҚШ, БАӘ, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және өзге елдерде құрылыс жүргізіп, ішінара қазақстандық құрылыс материалдарын пайдаланады. Сөйтіп, бұл өнімдер экспорттық тауарға айналды. ҰСБ «Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесінің деректеріне сәйкес, өткен жылдың қантар—қазанында құрылыс материалдарын өндіруші отандық компаниялар жалпы құны 248,1 млн долларға тең өнімді шетелге экспорттаған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 7% артық. Бұған дейінгі жылдарда да өсім қарқынды жоғары болған: 2024 жылы +11,9%, 2023 жылы +29,5%.

Құрылыс — өмірдің айнасы. Егер адамдар үй салып, жол жөндеп жатса, демек, өмір тоқтаған жоқ. Үкіметтің бұл саланы алақанға сала аялауға уәде етуінің сыры да осында. Себебі бүгін қаланған әрбір тас — ертенгі күннің берік іргетасы.



Сонымен бірге, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті және Global DTC компаниясы арасындағы бірлескен жоба шеңберінде келендік рәсімдеу процесінің ашықтығын арттыру және автоматтандыру мақсатында келендік транзитті қағазсыз рәсімдеуді көздейтін Tez Customs платформасында сервисі енгізу бойынша жоба істеп тұр. Осының нәтижесі Қазақстан мен Қытай шекарасында келендік транзитті рәсімдеу процесін автоматтандыру, транзиттік декларацияларды рәсімдеу және шығару уақытын жүк келген сәттен бастап 30 минутқа дейін қысқарту, адами факторды барынша азайту, қағаз құжаттарының айналымын толық алып тастау көзделген екен. Сонымен бірге, жүктер қозғалысын online-мониторингі жүзеге асырады.

Көлік министрлігінің БАҚ-пен жұмыс басқармасының басшысы Дәулет Самбетбаев теміржол логистиканың дамуы бағытында атқарылып жатқан істерден толыққанды хабардар етті.

— Теміржол саласында жалпы 1 700 шақырым жол бойында жұмыстар жүргізілуде. Оның ішінде 836 шақырымды құрайтын Достық—Мойынты толық іске қосылды. Бұл жоба аталған учаскеде өткізу қабілетін 5 есеге арттырды. Шығыс—Батыс бағытындағы дәліздерді тартымды етеді. Сондай-ақ 75 шақырым учаскеде Алматыны айналып өту жобасы салынып, қазіргі таңда пойыздардың жүріп өтуі жүзеге асырылуда. Бұдан басқа, Дарбаза—Мақтаарал 152 шақырым, Қызылжар—Мойынты 329

шақырым және Бакты—Аяғөз 297 шақырым жобаларын іске асыру жолға. Сонымен қатар Бейнеу—Манғыстау, Шалқар—Бейнеу, Алтынкөл—Жетіген, Ақсу—Семей және Қозылжар—Шалқар учаскелерінде модернизациялау жүргізілуде. Қазақстан аймақтық және халықаралық серіктестерімен бірлесіп, транзиттік маршруттарды үйлестіру бойынша шаралар қабылданады. Бұл әсіресе Солтүстік—Оңтүстік, Шығыс—Батыс бағыттары бойынша логистикалық ағындарды тұрақтандыруға септігін тигізеді. Біріккен ақпараттық жүйелер, «жасыл» дәліздер, электрондық келендік рәсімдер және логистикадағы автоматтандыру транзиттік процесстерді тездетіп, құжат айналымын айтарлықтай жеңілдетеді. Бұл коммерциялық операторлар үшін Қазақстан бағытын тартымды етеді, — деп түйді министрлік өкілі.

Токтөтері, бүгінде Қазақстан арқылы өтетін 13 халықаралық транспорт дәліздерінің, бесеуі теміржолға тиесілі. 2030 жылға дейін 557 заманауи құрамды жеткізу жоспарымен «Шталдер Қазақстан» отандық зауытында жаңа жолаушылар вагондарының өндірісі іске қосылмақ. PSA, Huawei және Wabtec сияқты жаһандық компаниялармен серіктестікте процесстерді цифрландыру және тасымалдау қауіпсіздігін жақсарту бағыты қолға алынған. Осылайша, шойын жол ел экономикасына үлкен септігін тигізіп, халықтың басты қатынас құралы болып қала бермек. Ал оның ұдайы дамуы сіз бен бізге мол пайда, елге елеулі көде.

ДАУА

17 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ



Медицина саласының ірі бағытының бірі – патологиялық анатомия. Патологоанатомдардың қызметі қарапайым оқырманға да қызық болары анық. Себебі бұл мамандық жайында қате түсінік пен миф көп. Мамандықтың қыр-сыры жөнінде University Medical Center орталығының патологоанатом дәрігері Жанат Жалымбетовамен кең көлемде сұхбат құрған едік.

ПАТОЛОГОАНАТОМ:

– Патологиялық анатомия саласын нелікпен таңдадыңыз? Жақындарыңыз қыз балаға ауыр деп қарсы болған жоқ па?

– Патологиялық анатомия саласын саналы түрде таңдадым. Медицина университетінің бастапқы курсында анатомия, гистология және патологиялық анатомия пәнін оқыған кезде әрбір ағзаны жасуша деңгейінде түсінуді маңызды терең сезініппін. Осы пәндерден ағзалардың морфо-функционалдық ерекшелігін, қалыптасуы мен патологиялық өзгерістердің өзара байланысын ұғындым. Уақыт өте келе анатомия, гистология және патологиялық анатомия медицинаның іргелі негізі, өзара тығыз байланысты ғылымдар екеніне көзім жетті. Патологиялық анатомия маған аурудың себебі мен даму механизмін ең дәл көрсететін, клиникалық ойлауды қалыптастыратын сала ретінде ерекше қызық болды.

Әрине, алғашында жақындарым бұл мамандықты қыз балаға қиын деді, алайда бұл істің физикалық емес, интеллектуал және моральдық жауапкершілігі жоғары екенін, әйел адамға да толық сай келетінін түсіндіріп жеткіздім. Қазір олар таңдауымды тек қолдайды.

– Жұрт едәгетте патологоанатомдарды тек мейіттерге аутопсия жасайды немесе кісі өлімінің құпияларын шешеді деп ойлайды, яғни саланы тек өліммен байланыстырады. Патологоанатом маманының жұмысына өзге қандай міндеттер кіреді?

– Иә, қоғам патологоанатом мамандығын көбіне аутопсиямен және өлім себептерін анықтаумен байланысты деп ойлайды. Бұл – қате түсінік. Патологиялық анатомиядағы жұмыстың шамамен 80-85 пайызы тірі адамдармен өтеді. Патологоанатом биопсиялық және операциялық материалдарды зерттеп, яки түскен биологиялық материалға макро-скопиялық тұрғыда сипаттама жасап, оны микроскопиялық тұрғыда ыңғайлы қарау үшін бөлшектейді. Осы арнайы гистологиялық өңдеуден кейін гистолог-лаборанттар стеклопрепараттар дайындайды, ал дәрігер катерлі ісіктің бар-жоғын, оның гистологиялық типін, дифференциация дәрежесін және аурудың таралу ерекшеліктерін қарап анықтайды. Қазір жұмысымыз тек морфологиямен шектелмейді, иммуногистохимиялық және молекулярлық-генетикалық зерттеулер жүргіземіз. Бұл әдістер диагнозды дәл қоюға және жеке ем тактикасын таңдауға мүмкіндік береді. Жұмысымыздың тек 15-20%-ы кісі өлімінің себебін анықтауға жатады, сондықтан патологоанатом клиникалық шешімдерге тікелей әсер ететін, жоғары жауапкершілік пен терең аналитикалық ойлауды талап ететін мамандық деп айтамын.

МЕДИЦИНА САПАСЫН АЙҚЫНДАЙТЫН БАҒЫТ

– Патологоанатомдардың жаалақысы қандай деңгейде? Не себепті салаға қызығушылық аз деп санайсыз?

– Патологоанатом мамандардың еңбек-ақысы өңірде, жұмыс көлеміне және біліктілік деңгейіне байланысты әртүрлі болады. Кейінгі жылдары бұл салада еңбекті бағалау жүйесі біртіндеп қайта қаралып, жоғары технологиялық зерттеулермен айналысатын мамандардың кәсіби ролі артып келеді. Мамандыққа қызығушылықтың салыстырмалы түрде төмен болуы, жаалақыдан гөрі көбіне қоғамдағы ақпараттың жеткіліксіздігімен байланысты деп пайымдаймын. Патологиялық анатомияның клиникалық медицинадағы шешуші орны, онкологиядағы диагноз қоюдағы негізгі ролі көпке кеңінен түсіндірілмеген. Сонымен қатар бұл сала ұзақ әрі күрделі дайындықты, жоғары жауапкершілікті және үздіксіз кәсіби дамуды талап етеді, ал оның нәтижесі әрдайым көзге көріне бермейді. Патологиялық анатомия – сырт көзге байқалмайтын, бірақ медицинаның сапасын айқындайтын іргелі бағыт.

– Патологоанатом мамандарын қандай оқу орындары дайындайды? Өзіңіз қай жерден білім алып, шеберлігіңізді шыңдадыңыз?

– Патологиялық анатомия мамандығы Қазақстандағы барлық медициналық университетте оқытылады. Мамандыққа жол интернатурдан кейінгі резидентура бағдарламасында басталады. Мен де еңбек жолымды қайта даярлау кезеңінен кейін бастап, практикалық жұмысқа кірістім. Алайда қысқамерзімді қайта даярлау бұл саланы тереңдігі мен күрделілігі толық қамтымайтынын түсініп, патологиялық анатомия бойынша резидентура бағдарламасын іздей бастадым. 2021 жылы елімізде алғаш рет UMC корпоративтік қорының клиникалық базасында патологиялық анатомиядан резидентура ашылды. Сол бағдарламаның алғашқы түлектерінің бірімін. Резидентура кезеңінде практикалық дағдыларды ғана емес, ғылыми-зерттеуді де жүйелі түрде да-

БАСТЫСЫ – ЭМОЦИЯҒА БЕРІЛМЕЙ БАҒАЛАУ

мыттым. Ғылымға қадам басу мен үшін білімге «инемен құдық қазғандай» терең бойлау болды. Осы еңбегімнің нәтижесінде Еуропалық патологоанатомдар қоғамының (ESP) дәстүрлі түрде өтетін 35-ші конгресіне жолдама алып, Дублин қаласына барып қайттым. 2025 жылы Вена қаласында өткен 37-ші конгреске travel grant иегері ретінде қатыстым. Ұлыбританияның Шеффилд қаласында перинаталдық және балалар патологиясы бағыты бойынша өткен Giordano Fellowship 2026 бағдарламасы аясында 3 айлық тағылымдамадан тегін өту мүмкіндігіне ие болдым. Қазір ішкі ғылыми жобаларға белсенді қатысып жүрмін, Стокгольм қаласында өтетін 38-ші Еуропалық конгреске постерлік баяндамды дайындап жатырмын.

Бұдан бөлек, Instagram желісіндегі паракшам арқылы халықаралық патологиялық анатомия қауымдастығымен байланыс орнатып, әлемнің әр түрлі елдеріндегі әріптестермен тәжірибе алмасып келемін. Осы тәжірибеге сүйене отырып, патологиялық анатомия бойынша типтік оқу жоспарын халықаралық зерттеулерге, ғылыми-зерттеу жұмысына және молекула деңгейіндегі әдістерге бөлініп отырған уақытты арттыру маңызды. Резидент-патологоанатомның әртүрлі медициналық ұйымда: онкологиялық орталықтарда, көпбейінді клиникаларда, перинаталдық орталықтарда практиканың өтуі кәсіби ойлауды кеңейтеді. Оқу цикліне онкология, радиология және клиникалық пәндермен тығыз интеграцияланған модульдерді енгізу қажет. Заман талабына сай патологоанатомды даярлауда тек морфологиямен шектелмей, мультидисциплинарлық команда құрамында жұмыс істей алатын маман қалыптастыруға тиіспіз.

– Шетелден тәжірибе жинауда қандай ерекшеліктерді байқалды? Отандық патологоанатомдарға қандай іске көңіл бөлген абзал?



– Ең алдымен көзге түскені – патологиялық анатомияның клиникалық процестің ажырама бөлігі ретінде толық интеграциялануы. Патологоанатомдар мультидисциплинарлық командалардың тұрақты мүшесі болып, клиницистермен бірлесіп отырып ем тактикасын анықтауға белсенді қатысады. Шетелдік орталықтарда зертханалық стандарттарға біртіндеп сәйкестендіру қажет деп есептеймін. Атап айтқанда, резидентура бағдарламасында иммуногистохимиялық зерттеулерге, ғылыми-зерттеу жұмысына және молекула деңгейіндегі әдістерге бөлініп отырған уақытты арттыру маңызды. Резидент-патологоанатомның әртүрлі медициналық ұйымда: онкологиялық орталықтарда, көпбейінді клиникаларда, перинаталдық орталықтарда практиканың өтуі кәсіби ойлауды кеңейтеді. Оқу цикліне онкология, радиология және клиникалық пәндермен тығыз интеграцияланған модульдерді енгізу қажет. Заман талабына сай патологоанатомды даярлауда тек морфологиямен шектелмей, мультидисциплинарлық команда құрамында жұмыс істей алатын маман қалыптастыруға тиіспіз.

тәлімгерлік мәдениетті қалыптастыру, оларды ғылыми-зерттеуге ерте кезеңнен тарту және қоғамға патологиялық анатомияның нақты ролін дұрыс түсіндіру саланың болашақта дамуына тікелей әсер ететін маңызды міндет деп санаймын.

– Әлемде босанудан сағат сайын 30 әйел қайтыс болады екен. Еліміздегі жағдай қалай? Гинекология мен патологиялық анатомияны қатар меңгерген маманның артықшылығы неде?

– Бұл бағыттағы білім мен үшін әрдайым кәсіби қызығушылық тудырып келеді. Патологиялық анатомияда жұмыс істей отырып, ана өлімі мен ауыр акушерлік асқынудың себептерін, гинекологиядағы ауру (ісіктер) салдарын морфологиялық деңгейде талдау қажеті жиі туындайды. Әлемдік деректерге сәйкес, босану кезінде және босанудан кейінгі кезеңде ана өлімі әлі де өзекті мәселе болып отыр. Қазақстанда бұл көрсеткіштерді төмендету мақсатында жүйелі жұмыс жүріп жатыр, ал патологиялық анатомиялық талдау осы процесте маңызды сараптамалық құрал қызметін атқарады.

Гинекология мен патологиялық анатомияның терең түсінетін маман клиникалық және морфологиялық деректерді біртұтас жүйе ретінде бағалай алады. Бұл асқынудың патогенезін нақтылауға, клиникалық тәжірибені жетілдіруге және профилактикалық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Пәнаралық көзқарас – республикалық деңгейдегі медициналық орталықтар үшін сапаны арттырудың маңызды құрамдас бөлігі.

– Патологоанатомиялық бөлімге бала плацентасын да зерттеуге жібереді екен. Бұл

ВИРТУАЛДЫҚ АУТОПСИЯ – ТЕК ҚОСЫМША ҚҰРАЛ

– Өзіңіздің немесе әріптестеріңіздің практикасында клиникалық өлім жағдайы болған ба? Шетелде өткен ғасырдан бері табыттарда арнайы батырма орнатылады дейді. Осы жөнінде әңгімелеп берсеңіз.

– Өз тәжірибемде де, әріптестерімнің практикасында да клиникалық өлімнен кейін «тіріліп кету» жағдайы болған емес, себебі медициналық практикада өлімді тіркеудің қатаң алгоритмі бар. Дәрігерлер адам қайтыс болғаннан кейін кемінде екі сағат міндетті түрде бақылау жүргізеді. Осы уақытта клиникалық өлімнің биологиялық өлімге ауысу белгілері бағаланады. Биологиялық өлім бірқатар нақты, қайтымсыз өзгерістермен сипатталады: тері тургорының өзгеруі, бұлшықеттерде өліктік сіресу белгілерінің пайда болуы, өліктік дақтардың дененің

тәжірибе ретінде қабылдап, одан кәсіби қорытынды шығару. Бұл көзқарас ұзақмерзімді стрестің жиналуына жол бермейді.

КАРАНТИН ЖҮЙЕГЕ СТРЕСС-ТЕСТ БОЛДЫ

– Патологоанатомдар жұқпалы аурулардан қалай қорғанады? Дәрігер медициналық талаптарды сақтамаса, қандай ауруларды жұқтыруы мүмкін? Жұмысыңыз өміріңізге қауіп төндірген кезі болды ма? Мәселен, карантинде медициналық құралдардың тапшылығы туындап, сол кезде мейітханадағы мамандар коронавирус жұқтырғаны жөнінде айтылып жатты.

– Патологоанатомдардың жұқпалы аурулардан қорғаныуы қатаң регламенттелген қауіпсіздік жүйесіне негізделген. Жеке қорғаныс құралдары (ЖҚҚ), биологиялық қауіпсіздік ережелері, жұмыс аймақтарын бөлу, дезинфекция және қалдықтарды жою алгоритмдері халықаралық стандарттарға сәйкес жүреді. Медициналық талаптар сақталмаған жағдайда теориялық тұрғыда қан арқылы немесе аэрозоль жолымен берілетін инфекциялар жұғуы мүмкін. Бұл салада қауіпсіздік – формальды талап емес, күнделікті кәсіби мәдениеттің ажырама бөлігі. Өзім жұмыс істеп жүрген республикалық орталықта жеке қорғаныс құралдарына қойылатын талаптар өте қатаң әрі нақты жүйеленген. Кейінгі бес жылдық тәжірибемде инфекциялық қауіпке байланысты жағдайлармен бетпе-бет келген еместім, өйткені барлық ереже бұлжытпай сақталды.

Пандемия кезеңіне келсек, ол бүкіл әлем үшін күтпеген сынақ болды. Әртүрлі елде медициналық жүйелер әртүрлі дайындық деңгейінде болды. Біздің орталықта қауіпсіздік шаралары кезең-кезеңімен күшейтіліп, қызметкерлердің қауіпсіздігіне ерекше мән берілді. Қазір патологиялық анатомия қауіпсіздік мәдениеті жоғары, тәуекелдер ғылыми негізде басқарылатын медициналық сала деп сеніммен айта аламын.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын, карантин кезінде мейітханаларда орын тапшылығы айқын байқалып, медицина мамандарын әбігерге түсіріп еді. Өңірлер түрлі, ірі қалалардағы мейітханаларда орын тапшылығы, стандартқа сай құралдардың жоғы, салқындатқыштардың істемеуі секілді түрлі мәселенің барын білдік. Карантиннен кейін жағдай қаншалықты реттелді?

– Карантин кезеңі бүкіл әлем үшін, соның ішінде денсаулық сақтау жүйесі үшін үлкен стресс-тест болды. Бұл уақытта көптеген елде, өңірлерде медициналық инфрақұрылымға түсетін жүктеме күрт артты, соның салдарынан ұйымдастырушылық және техникалық қиындықтар байқалды. Мұны тек бір салаға немесе бір мекемеге тән мәселе деп қарастыру дұрыс емес. Карантиннен кейінгі кезеңде осы тәжірибеден нақты қорытындылар шығарылды. Материалдық-техникалық базаны кезең-кезеңімен жаңарту, санитарлық талаптарды күшейту, логистика мен қауіпсіздік алгоритмдерін қайта қарау бағытында жүйелі жұмыс жүргізілді. Әрине, бұл процесс бір күнде толық шешілетін мәселе емес, алайда бүгінде мейітханалардың жұмысын стандарттарға жақындату, төтенше жағдайларға дайындық деңгейін арттыру бойынша он өзгеріс бар деп сеніммен айтуға болады. Мұндай кезеңдер медицинаның әлісіз тұстарын көрсету үшін емес, оны күшейту үшін қажет тәжірибе болды. Қазіргі міндет – сол сабақтарды ұмытпай, жүйелі түрде дамуды жалғастыру.

– Таяуда Жезқазғандағы қалалық мәлітхананың көрінісі әлеуметтік желіде тарап, халықтың сынына қалған еді. Мейітхана 1980 жылдан бері еш жөндеу көрмеген, тастанды әйел кіріп жатыр. Демек, мейітхана жайы әлі реттелмеген болып отыр ма?

– Жекелеген өңірлердегі жағдайды бір ғана мекемемен немесе бүкіл жүйемен тікелей байланыстыру дұрыс емес деп ойлаймын. Дегенмен мұндай мәселелердің түп-төркіні көбіне саланы басқару деңгейінде патологиялық-анатомиялық қызметтің мәні мен ерекшеліктерін терең түсінбеумен байланысты болуы мүмкін.

Патологиялық анатомия – кеңбейінді, бірақ медицинаның сапасына тікелей әсер ететін сала. Егер осы бағытты кәсіби тұрғыда түсінетін, мамандыққа эмпатиясы жоғары, саланың ішкі қажеттілігін білетін нақты жауапты тұлғалар жүйелі түрде айналыса, көптеген мәселе әлдеқашан шешімін табар еді. Практикада кейде мамандар тарапынан нақты ұсыныс айтылып, бірақ басқарушылық деңгейде олар әрдайым қолдау таба бермейтін жағдайлар кездеседі. Соның салдарынан кейбір зертханаларда әлі күнге дейін гистологиялық материалдарды өңдеудің ескірген әдістері қолданылып отыр, ал әлемде бұл уақытта цифрлық және молекулярлық патология белсенді талқыланып, клиникалық практикаға енгізіліп жатыр. Сондықтан стандарттар мен нормативтік құжаттарды әзірлеуге тікелей практикалық жұмыспен айналысатын, күнделікті процестің барлық кезеңін білетін мамандарды тарту аса маңызды. Бұл саладағы реформалардың формальды емес, нақты нәтижеге бағытталуына мүмкіндік береді. Диагностикалық бірізділікті қамтамасыз ету үшін халықаралық тәжірибеге сүйену қажет. Атап айтқанда, морфологиялық диагноздарды Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (WHO) классификацияларына сәйкес жүргізу, гистологиялық және иммуногистохимиялық препараттардың сапасын бақылауды CAP (College of American Pathologists) және Nordic Immunohistochemical Quality Control (Nordiq) ұсынымдарына сай кезең-кезеңімен енгізу маңызды. Бұл тәсіл зертханалық нәтижелердің қайталанғыштығын арттырып, клиницистер үшін диагноздың сенімділігін қамтамасыз етеді және патологиялық-анатомиялық қызметтің халықаралық деңгейдегі сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан Айсүлу СЫБЭХАН

17 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қызылорда төрінде өткен Ұлттық құрылтайда еліміздің қарқынды дамуына тың серпін қосатын межелі міндеттер, әлеуметтік дамудың басым бағыттары талқы таразысына түскені мәлім. Соның ішінде мәдениет пен өнер саласына басымдық беріліп, музей ісін заманауи бағытта жетілдіру жолдары айтылды.

А **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
Қызылорда облысы

Келелі кеңесте Мемлекет басшысы музей ісін жаңғыртудың маңыздылығына кеңінен тоқталды. Бұл жайында «Музей ісін дамыту – маңызды міндеттің бірі. Осы ретте Қызылордада ашылған жаңа тарихи-өлкетану музейін ерекше атап өткім келеді. Мен күзде қалаға жұмыс сапарымен келгенде мұражайды аралап көрдім. Заман талабына сай салынған орталықта музей ісін ұйымдастырудың тың тәсілдері қолданылған. Бұл тәжірибені басқа облыстарға үлгі етуге болады», – деп айрықша атап өтуінде үлкен мән бар. Бұл, бірінші кезекте, еліміздегі музейлердің жұмысын дамыту және заманауи форматта жетілдіру бағытында Сыр өңіріндегі музейдің серпінді жұмысына берілген жоғары баға болды. Шындығында, өңірде былтыр ел игілігіне пайдалануға берілген музей ғимараты заманға сай жабықталып, елімізде тұңғыш рет озық тәжірибе үлгісін көрсетіп отыр.

Жалпы, музей Ұлттық тарихымызды насихаттайтын және жастардың тарихи санасын қалыптастыратын маңызды рухани орталық саналады. Яғни, қоғамның рухани дамуы мен тарихи санасының қалыптасуында музейлердің алатын орны ерекше. Бұл ретте Қызылордадағы тарихи-өлкетану музейі аймақтың өткені мен бүгінгі сабақтастыратын, болашақ ұрпаққа құнды мұра қалдыратын маңызды мәдени-ғылыми орталықтың бірі ретінде жоғары маңызға ие.

Негізінен, Сыр өңірінде музей тарихы 1939 жылдан бастау алады. Содан бері өңірдің тарихи деректері терең зерттеліп, жинақталып, кеңінен насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

«Сыр өңірінде музей жұмысын жетілдіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар сан алуан. Атап айтсақ, өзге өңірлердегі музейлермен серіктестік байланы, тәжірибе алмасу, аудандарда ашылып жатқан «Руханият» орталықтарының жұмысын көрсету бағытында ауқымды шаралар атқарылуы. Оның ішінде өзге аймақтармен бірлесіп, көрме ұйымдастырылып келеді. Қазіргі уақытта өңірімізде Жамбыл облысының көрмесі өткізіліп жатыр. Негізінен, өңірде былтыр жаңадан заман талабына сай музей ғимаратының салынуы осы секілді маңызды шараларды өткізуге мүмкіндігімізді арттыра түсті деп айтар едім. Облыс әкімінің қолдауымен бір жыл

СЫР ТАРИХЫНЫҢ КӨМБЕСІ

шенберінде құрылысы қарқын алған мәдени нысан бүгінде ел игілігіне қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді», – дейді Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары Жаннат Ахметова.

Оның айтуынша, Сыр музейінің 85 жылдық белесінде жаңа ғимаратқа көшірілуі жергілікті халық үшін теңдессіз сый болды. Өйткені осыншама уақыт ішінде аймақтағы рухани орталықтың өзінің жеке ғимараты болған емес. Мәліметке сәйкес, ең алғаш Қызылорда музейі қаладағы көне шіркеу ғимаратында өз жұмысын бастапты. Одан кейін 1980 жылдары Орталық атқару комитетінің шешімімен музейге қала орталығындағы өзгеше архитектуралық стильде салынған бұрынғы қонақүй ғимараты берілген. Содан бері осы ғимаратта 45 жыл бойына туған жеріміздің тарихын өскелен ұрпақтың жадында жаңғырту бағытында толымды тірлік жасалды.

2025 жылдың 1 маусымынан бастап өзінің дербес ғимаратына қоныстанған Сыр музейі заманауи мультимедиялық технологияларды қолданысқа енгізу арқылы халыққа жаңа форматта қызмет көрсете бастағанын алға тартады. Бұл тұрғыда жаңа



ғимараттың қор сақтау қоймаларымен жабықталуы құнды жәдігерлердің сақталу деңгейін арттырса, сандық және мультимедиялық технологиялармен қамтылған 12 экспозициялық зал музейдің ғылыми-ағартушылық әлеуетін жаңа деңгейге көтеріп отырғанын жеткізді.

Қазір музейде 70 мыңнан астам экспонат сақталуы. Оның ішінде 25 мыңнан астам жәдігердің түпнұсқасы бар екен. Бұл бірінші кезекте Сыр өңіріне тереңнен

ғылыми зерттеулер жүргізу мен тарихи деректерді нақтылауда ерекше маңызға ие. Осы арқылы музей тек көрме алаңы емес, ғылыми деректер орталығы екенін көрсетіп келеді.

«Бұл музейдің бұрынғы ғимараттан ерекшелігі – қазіргі рухани орталық заманауи технологиялық, оның ішінде мультимедиялық сандық жүйені пайдалануды жолға қойды. Әрбір залда интерактивті сенсорлық панельдер, LED экрандар, смарт сөрелер бар. Оның ішінде келушілерге үш тілде, яғни қазақша, орысша және ағылшынша мағлұмат беретін сенсорлық панельдер – цифрлық қолжетімділік пен инклюзивті ақпарат алудың нақты көрінісі деп айтуға болады. Сонымен қатар залдардың жасанды интеллект элементтері арқылы 3D модельде жасалуы – музейдің заманауи технологияларды тиімді пайдалануға деген бетбұрысын көрсетеді. Қазіргі музейдің орналасу аумағында да артықшылық бар. Бұрынғы нысанның жалпы аумағы

әрі кеткенде 1 800 шаршы метрді құраса, бұл ғимараттың аумағы шамамен 3 300 шаршы метрге жуықтайды. Оның ішінде 2 000 шаршы метрге жуығы 12 экспозициялық залға берілді. Ал 800 шаршы метр музейдегі арнайы экспонаттарды сақтауға арналған жергілікті қорға тиесілі. Мұны да жаңа ғимараттың бір ерекшелігі деп айтар едім. Өйткені бұрынғы ғимараттың құнды жәдігерлерді сақтайтын қорында ылғалы температуралық режимді



ғартады. Бұл жобалар музейді тек экспозициялық мекеме емес, білім беру және зерттеу орталығы ретінде дамыта түскенін көрсетеді.

«Биылғы Сыр өңірінде Президенттің қатысуымен өткен Ұлттық құрылтайда мәдениетке үлкен көңіл бөлінді. Оның ішінде музей ісін жаңғырту, сол арқылы ұлттық құндылығымызды, төл тарихымызды кеңінен дәріптеуге басымдық берілді. Бұл тұрғыда Сыр өңірінің жаңа музейін өзге өңірлерге үлгі ретінде көрсетуі рухани нысанның жауапкершілігін еселеп арттыра түсті деп айтуға болады.

Жалпы, өткен тарихымызда жаңғыртып, келер ұрпаққа аманат етіп қалдыру музей жұмысының басым бағыты саналады. Ал музей өзінің қорында жинақталған экспонаттарымен құнды. Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірімізге жұмыс сапары барысында музейімізде арнайы болып, экспонаттармен, музей жұмысымен танысып, жоғары баға берген болатын. Яғни, бұл биылғы Құрылтайда Мемлекет басшысының Сыр өңіріндегі заман талабымен көш түзеген жаңа музейдің жұмыс қарқынды өзге өңірлерге үлгі ретінде көрсетуіне үлкен негіз болды десек қателеспейміз. Сондықтан алдағы уақытта да осы сенім үдесін шығу жолында өміршен жобалар мен нәтижелі жұмыстарымызды жалғастыра беретін боламыз», – дейді музей директорының орынбасары.

Жалпы, Ұлттық құрылтайда айтылған әрбір маңызды міндеттер мен ұтымды ұсыныстар құнды жәдігерлердің қорғанына айналған музей қызметкерлерін қанаттандырып отыр. Ал Сыр еліндегі музейдің жаңа заманауи ғимараты – өңірдің архитектуралық жаңғыруының жаңа белесін қалыптастырып қана қоймай, музей ісін жетілдіруге, өңірлік туризмнің өсуіне, ғылыми зерттеулердің жандануына және қоғамның рухани жаңғыруына соны серпілдік берді деп бағалауға болады.

МӘСЕЛЕ

ҚҰЖАТТАН ШЫҚҚАН ҚҰРЫЛЫС ДАУЫ

Көкшетауда жыл санап көпқабатты тұрғын үйлер көбейіп келеді. Дегенмен құрылыс компанияларының заңды белден басып, өрескел заңбұзушылықтарға жол беруі тыйылар емес. Баспаналарды халық игілігіне беру кезіндегі ресми есептер мен салтанатты рәсімдер керемет өткенімен, іс жүзінде халықтың шымбайына бататын күрделі жағдайлар жиі қайталанып тұр.

А **Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
Ақмола облысы

Заң мен қауіпсіздік талаптарын еш ескермеген компаниялар жобаларды өз бетімен өзгерте салудан да тайынбайтын болып шықты. Мәселен, қағаз жүзінде тоғыз қабатты үй салынып жатса, іс жүзінде он-онай он қабатқа айналып кете салатын оқиғалар тіркеліп отыр. Техникалық қабаттар аяқ астынан тұрғын пәтерге айналып, салдарынан алғашқы жобалық құжаттар мен тіркеу актілері бір-біріне сәйкес келмей қалған фактілер жетіп артылады. Мұның бәрі кездейсоқтық па, әлде заңды айналып өтудің обден қалыптасқан «салалық схемасы» ма деген сұрақ қоғамды мазалап тұр.

Түйткілді жағдай жөнінде Ақмола облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының өзі келтірген деректер саладағы «шытырман» жылдар бойы қордаланып келгенін ашық көрсетеді. Ведомствоның бөлім басшысы Рауан Шаймерденовтың мәліметінше, тек былтырдың өзінде ғана 116 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 106 заңбұзушылықты жою туралы ұйғарым берілген, сондай-ақ 183 әкімшілік іс қозғалған. Бұл құрылыс компанияларының мұндай «тәсілдерді» көптен бері қолданып келе жатқанын айғақтайды. Яғни, іс жүзінде құрылыс нарығының бір бөлігінде заң талаптарының тек формальды қағазға айналып бара жатқанын дәлелдейтін нақты дерек десек, қателеспейміз.

– Құрылыс жобасы мен сапасына сәйкес келмегені үшін техникалық қадағалауды жүзеге асыратын 12 мердігер ұйым мен 8 тұлға жауапкершілікке тартылды. Мұнымен

қоса, жоғарыда аталған заңбұзушылықтарды жыл ішінде қайта жасағаны үшін екі бірдей мердігер ұйым Әкімшілік құқық-бұзушылық кодексінің 312-бабының екінші бөлімі бойынша әкімшілік жауапкершілікке алынды. Жобалық және рұқсатнамалық құжаттары болмағаны үшін тағы 59 кәсіпкерлік субъектісі жауапкершілік арқалады, – дейді Рауан Шаймерденов.

Жалпы, былтыр әкімшілік айыппұлдардың жалпы көлемі 60 млн теңгеден асып жығылған. Сотқа 66 бірдей әкімшілік істер жөнелтілген. Бұл құрылыс нарығындағы заңсыз табыстың көлеңкелі ауқымның шектен тыс жеңіле жеткенін айғақтай түседі.

Шаһардағы тұрғындардың ашық жанапайын тудырып, қоғам тарапынан өткір резонанс болған жайттың бірі – Riverside тұрғын үй кешенінің айналасындағы дау. Алғашында тоғыз қабатты болып жоспарланған тұрғын үй құзырлы органдардың тіркеуі кезінде аяқ астынан он қабатты болып шыға келген. Техникалық қабат тұрғын пәтерлерге айналып, онда заңсыздықтан еш күдіктенбеген жиырмаға жуық отбасы қоныстанған. Бұл орайда баспанаға зәру болып жүрген қарапайым тұрғындар үшін бұл аса үлкен қуаныш болса, құрылысшылар үшін қосымша табыс көзі болғаны айдан анық.

Ақмола облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы сотқа тұрғын үй нысанын пайдалануға беруге қабылдау актісін заңнамаға сәйкес келмейтінін алға тартып, жарамсыз деп тану туралы арыз берген. Сот процесінде жауапкер тарап нысанның актіге қол қойған комиссияның қарауымен қабылданғанын тілге тиек етіп, қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетінін,



ал құжаттағы сәйкессіздік бұрынғы заңгердің «категориясы» болғанын түсіндіруге тырысқан.

Алайда құрылыс салу кезінде жобалық-сметалық құжаттама бас мердігермен сақталған болып шықты. Тұрғын үйде жалпы 138 пәтер. Ал актіні жарамсыз деп тану барлық меншік иелерінің құқығын аяққа таптап, қоғамда әлеуметтік шиеленіс тудыруы да әбден мүмкін. Яғни, бұл орайда көпқабатты тұрғын үйдің тіркеуі бір адамның «салғырттығының салдарынан» өзгеріп кете берсе, онда мемлекеттік бақылау жүйесінің өзі қандай деңгейде деген заңды сауал туындайды.

Сот шешімінде тұрғын үй-жайлардың техникалық қабатта орналасуы құрылыс нормаларына қайшы келетіні тайға таңба басқандай көрсетілген. Санитарлық нормаларға сәйкес, техникалық қабат тек инженерлік коммуникациялар арналып, тұрғын үй ретінде қолданылуына тиіс. Сонымен қатар сот тоғыз жөне он қабатты тұрғын үйлерге қауіпсіздік жөнінде әртүрлі

ұстайтын әрі әр экспонатты белгілі санатына қарай сақтау мүмкіндіктері аз болатын. Бүгінде бұл мәселе толық шешімін тапты. Қазір музейдегі жәдігерлерімізді өзінің деңгейінде сақтауға, зерттеп, зерделеп, келер ұрпаққа аманат етіп қалдыруға мүмкіндігіміз мол», – дейді Жаннат Дәуренқызы.

Жалпы, Қызылорда музейіндегі әрбір экспозицияның мазмұны мен тарихи құндылығы жоғары. Оның ішінде музей жәдігерлері аймақтың флорасы мен фаунасынан бастап, палеонтология, археология және этнография, Байқоңыр ғарыш айлағының тарихы (ғарышты игеру), Қызылорда облысының экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуы жайында сыр шертеді. Сонымен қатар музей жанында «Музей энциклопедиясы», «Тарих көмбесі», «Тұлғатану», «Бір әулеттің тарихы», «Тарихтағы сандар», «Музей радиосы», «Жас өлкетанушы», «Бұл үйде кім тұрған?», «Құнды жәдігер», «Жәдігер баян», «Музей тур» атты жобалары музейде атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымдылығын аң-

ғартады. Бұл жобалар музейді тек экспозициялық мекеме емес, білім беру және зерттеу орталығы ретінде дамыта түскенін көрсетеді. «Биылғы Сыр өңірінде Президенттің қатысуымен өткен Ұлттық құрылтайда мәдениетке үлкен көңіл бөлінді. Оның ішінде музей ісін жаңғырту, сол арқылы ұлттық құндылығымызды, төл тарихымызды кеңінен дәріптеуге басымдық берілді. Бұл тұрғыда Сыр өңірінің жаңа музейін өзге өңірлерге үлгі ретінде көрсетуі рухани нысанның жауапкершілігін еселеп арттыра түсті деп айтуға болады. Жалпы, өткен тарихымызда жаңғыртып, келер ұрпаққа аманат етіп қалдыру музей жұмысының басым бағыты саналады. Ал музей өзінің қорында жинақталған экспонаттарымен құнды. Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірімізге жұмыс сапары барысында музейімізде арнайы болып, экспонаттармен, музей жұмысымен танысып, жоғары баға берген болатын. Яғни, бұл биылғы Құрылтайда Мемлекет басшысының Сыр өңіріндегі заман талабымен көш түзеген жаңа музейдің жұмыс қарқынды өзге өңірлерге үлгі ретінде көрсетуіне үлкен негіз болды десек қателеспейміз. Сондықтан алдағы уақытта да осы сенім үдесін шығу жолында өміршен жобалар мен нәтижелі жұмыстарымызды жалғастыра беретін боламыз», – дейді музей директорының орынбасары. Жалпы, Ұлттық құрылтайда айтылған әрбір маңызды міндеттер мен ұтымды ұсыныстар құнды жәдігерлердің қорғанына айналған музей қызметкерлерін қанаттандырып отыр. Ал Сыр еліндегі музейдің жаңа заманауи ғимараты – өңірдің архитектуралық жаңғыруының жаңа белесін қалыптастырып қана қоймай, музей ісін жетілдіруге, өңірлік туризмнің өсуіне, ғылыми зерттеулердің жандануына және қоғамның рухани жаңғыруына соны серпілдік берді деп бағалауға болады.

айтқанда, «Жаңа Әлем», «Женіс», «Айдай» тұрғын үй кешендерінің бөріне сценарий бірдей. Құжаттағы сәйкессіздік, жобалан ауытқу, қабылдау актілеріндегі айырмашылық жер мен көктей.

Құрылыс басқарма өкілі Рауан Шаймерденов Riverside бойынша демонтаж немесе тұрғындарды көшіру қарастырылмайтынын мәлімдеді. Құрылыс компаниясы тек құжаттарды реттеп, техникалық тексеруден өтуге тиіс. Бірақ мәселенің түп тамыры құжаттарды түзете салумен шешілмейтіні айдан анық. Егер жүйеде жауапкершілік нақты өрі қатан болмаса, ертең тағы бір техникалық қабат баспанаға айналмайтынына ешкім кепіл бола алмайды.

Көкшетаудағы жағдай бір қаланың проблемасы емес, бүкіл ел үшін ескерту дабылы десек артық айтпаспыз. Егер заң талаптарын айналып өту тәжірибесі тоқтамаса, ертең жаңа үйлердің қабырғасы ғана емес, қоғамның сеніміне де селкеу түсуі әбден мүмкін.

АЙМАҚ

17 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

ALPHARD-қа ТЫЙЫМ САЛУ ҚАЖЕТ ПЕ?

Кейінгі жылдары елімізде атышулы Alphard көлігіне қатысты шағымдар жиі айтылып жүр. Мәселенің бұлай ұшығуына аталған көлік түрінің қатысуымен жиі тіркелген жол апаттары себеп. Осыған дейін рөлі оң жақта орналасқан көліктерді қолданыстан алып тастау туралы ұсыныстар жиі айтылғанына қарамастан, ескертуді елемейтіндер көп.

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

КАЗАҚСТАНДА 12 МЫННАН АСТАМ TOYOTA ALPHARD КӨЛІГІ БАР

Ішкі істер министрінің дерегіне, 2025 жылдың қазан айына дейінгі аралықта Қазақстанда 12 мыңнан астам Toyota Alphard көлігі бар екені анықталған. Оның 9 554-нің рөлі сол жақта, 2 447-сінде оң жақта орналасқан. Министрліктің мәлімдеуінше, 2007 жылдан бері қолданылып келе жатқан оң жақты көлік құралдарын бастапқы тіркеуге тыйым салса да, мұндай санаттағы көліктер 2023 жылғы бірреттік заңдастыру шеңберінде тіркелген.

Осыған байланысты таяуда экс-депутат Елнұр Бейсенбаев Мәжілістің жалпы отырысында оң жақ рөлді көліктерді коммерциялық та, қалааралық тасымалдауға да қолдануға толық тыйым салу қажет екенін жеткізген еді. Оның пікірінше, агрегаторлар мұндай санаттағы көліктерді бақылауды қамтамасыз ете алмай отыр.

КӨЛІКТІ ТЕКСЕРЕТІН АРНАЙЫ ЗЕРТХАНА ЖОҚ

Алайда белгілі автосарапшы Олжас Окас Toyota Alphard көлігін қолданыстан толық шектеу мәселенің шешімі бола алмайтынын, тиімдісі тәртіпті бақылау екенін айтады. Ол үшін ең әуелі жүргізушілерге арналған қатаң талаптар негізге алынуға тиіс екен.

— Тәуелсіз демократиялық мемлекетте ешкімнің құқығын шектеуге болмайды. Ең бастысы, тәртіп сақтау жеткілікті. Мәнінше, жолаушы тасымалдаумен нәпақа табатын адамда арнайы лицензия болуы қажет. Әрине, оның көлігі де көсібіне толық сай болуы шарт, — деді ол.

Toyota Alphard автокөлігінің техникалық және конструкциялық ерекшеліктерін ескерсек, оны қалалық жолаушылар тасымалында пайдалану қауіпті деген пікір қаншалықты негізді? Бұл мәселеге



келгенде сарапшы елімізде қауіпсіздік тұрғысынан Toyota Alphard-тың ішкі қанқасын бақылаудан өткізетін арнайы зертхана жоқ екенін түйреп өтті.

— Toyota Alphard-тың көбі зауыттан шыққанда оң рөлді болып, Қазақстанда жол-жөнекей сол рөлді көлікке айналған, яғни машинаның конструкциясына өзгертулер енгізілді. Мұндай өзгертуді қандай маман жасады? Тежегіш пен қауіпсіздік жүйесі аман қалды ма? Airbag орнында ма? Белгісіз. Өйткені мұны тексеретін зертхана жоқ. Осындай «франкенштейн» көлікке қорықпай мініп, алаңсыз мыңдаған шақырым жүретін біздің жолаушылар батыр ғой, — деді О.Окас.

Автосарапшы Alphard секілді ірі габаритті минивэндердің жол-көлік оқиғаларына жиі ұшырауы көліктің техникалық сипаттамаларымен қоса жүргізушінің жүргізу мәдениетіне тікелей байланысты фактор екенін негізге алды.

— Рөлді ауыстырмай, көлік конструкциясын өзгертіп жүргізушінің Alphard-ы қауіпті дер едім. Мына картинаны елестетіңіз. Оң жақ каптада отырған жүргізуші «КамАЗ»-ды озып өту үшін сол жақтағы жолаушылар «қарсы жолда кедергі бар ма?» деп сұрайды. «Альфадистер» уақытпен жарысып, қатты жүретінін біледі. Ол аздай, бір-бірінен көргенін қайталап, жарық шамына Bi-LED линза орнатады. Қарсы беттегі, алдында кетіп бара жатқан көліктерге рентгендей сәулесі тыныштық қашырады, — деді автосарапшы О. Окас.

ALPHARD КӨЛІГІН «ҚАУІПТІ» ДЕП САНАУ — НЕГІЗСІЗ

Ал «3а рулем» журналының бас редакторы, автосарапшы Алексей Алексеев Toyota Alphard көлігін «қауіпті» деп санау негізсіз екенін айтады. Оның пікірінше, әлемдік нарықта кеңінен танылған япон көлігі қауіпсіздік тұрғысынан дәлелденген. Бұл көлік барлық жерде жолаушы тасымалдау үшін қолданылады және әу баста-ақ сол мақсатта өндірілген. Сарапшы елімізде Alphard-тың қатысуымен болған жол апатының басым бөлігі жүргізушінің жіберген қателігінен туындайтынын алға тартты.

— Toyota Alphard — кәсіби жолаушылар тасымалына арналған көлік. Ол ыңғайлы, сенімді және жанармай шығыны да орташа. Сол себепті жүргізушілер дәл осы көлік түрін жиі тандайды. Alphard-тың қатысуымен болған жол апаттарына басты себепші фактор — жүргізушілердің әрекеті деп ойлаймын. Олар көбіне қарсы жолаққа шығу кезінде қателеседі, жылдамдықты немесе қашықтықты дұрыс есептемейді. Мысалы, жүргізуші бір қалалан екінші қалаға жетіп, жолаушыларды түсіреді де, келесілерін мінгізеді. Себебі аз уақыттың ішінде көбірек табыс табуға ұмтылады. Жолаушыларын диттеген жеріне жеткізген соң бірден кері қайтуға ұмтылады, сол себепті олар үнемі көлікті асығып айдайды. Жылдам жетіп, жаңа жолаушыларды алу, қайта оралу — «альфадистердің» жарысы. Жол апатының 90-95 пайызы жүргізушілердің осындай осал әрекетінің салдарынан болады, ал 5-10

пайыз жағдайда ғана апаттың себебі техникалық ақауларға байланысты, — деді ол.

ТРЕКИНГ ЖҮЙЕСІ: ЖҮРГІЗУШІНІҢ РЕЖИМІН БАҚЫЛАУДА ҰСТАУ ҚАЖЕТ

Тағы бір ескертін маңызды фактор — жүргізушінің тәуліктен артық жұмыс істеуі. Бұл апат қауіпін екі есе арттырады. Сарапшы бұл мәселені трекинг жүйелері арқылы шешуді ұсынды. Сондай-ақ жүргізушінің арнайы категория талап ету де тиімді шешім болмақ.

— Жүк көліктерінде трекинг жүйелері орнатылған. Жүргізуші 8 сағаттан артық жүрсе, жүйе оның әрі қарай жүруіне мүмкіндік бермейді немесе жүргізуші айып-тұл төлейді. Сол сияқты Alphard-тарда да жүргізушінің режимін бақылауда ұстау қажет. Әсіресе, ұзақ сапарларда көлікті екі жүргізуші болуы тиіс. Қазір елімізде мұндай бақылау жоқ. Жеке тасымалдаушылардың тәжірибесі маңызды, бірақ ең бастысы — тәртіп. Жалпы, 5-тен көп жолаушы тасымалдайтын жүргізушілерге С санатты кәсіби жүргізуші категориясын енгізу керек, — деді А. Алексеев.

Сөз соңында сарапшы Alphard-ты қолданыстан толық шектеу туралы пікірді қолдамайтынын ашып айтты. Себебі аталған көлікті нарықтан алып тастау тасымалдау құнына әсер етеді, ең негізгісі, жүргізушілер сол баяғы зулаған жылдамдығын сақтап қала береді. Сондықтан түйткілді түйінін тарқату үшін тәртіп пен бақылау тетіктерін назарға алу маңыздырақ.

— Мәнінше, Alphard көлігін шектеу туралы бастаманы көтерген азаматтар рөлі оң жақта орналасқан көліктерді меңзеп отырған болар. Расында, мұндай көлік түрін пайдалану қауіпті. Қарама-қарсы жолға шығу кезінде жүргізуші көліктің сол жақ шетін шығаруы керек, ал оң жақта отырған жүргізуші көліктің бүкіл корпусын шығарып, қарсы келе жатқан жүргізушіні көруге мәжбүр. Ал рөлді сол жақта орналасқан көлік бұл жағдайда әлдеқайда қауіпсіз. Қазір Қазақстанда оң жақ рөлді көліктерді пайдалануға тыйым салынған.

INDRIVE МИНИВЭН САНАТЫНДАҒЫ АВТОКӨЛІКТЕРГЕ ЖЕКЕ ТАЛАПТАР ЖОҚ

Alphard арқылы жолаушы тасымалдаумен айналысатын жүргізушілерді in-

Drive қосымшасынан жиі кездестіруге болады. Қызығушылығын табысқа айналдырған жүргізушілер дәл осы платформаның көмегімен жолаушысын толтырып, екі қаланың арасында нәпақасын тауып жүр. Бүгінде бұл қосымша Қазақстан нарығында кең қолданысқа ие. Сондықтан мемлекеттік орган өкілдерінің агрегаторлардан жауапкершілік пен қауіпсіздік мәселесін талап етуі орынды. Жақында біз тақырыбымызға арқау болған түйткілге қатысты inDrive компаниясына бірқатар сауалнамалық жолдадық. Аталған компанияның қалааралық қызметінің басшысы Борис Хван бізге берген жауабында платформада жолаушылар тапсырысына рөлі сол жақта орналасқан Toyota Alphard модельдерінің жүргізушілері ғана қол жеткізе алатынын мәлімдеді. Оның сөзінше, inDrive компаниясы Ішкі істер министрлігінің мақұлдауымен рөлі оң жақта орналасқан автокөлік жүргізушілері үшін жолаушылар тасымалына тыйым салған. Дегенмен мұндай көлік түрімен қалааралық және қала ішіндегі қорықарлық жеткізу бойынша тапсырыстар орындалуға рұқсат берілген.

— inDrive компаниясы қауіпсіздік мәселесіне басымдық береді. Біз заңмен, сондай-ақ Ішкі істер министрлігі мен Көлік министрлігінің ұсыныстары бойынша тыйым салынған автокөлік модельдерін жолаушылар тасымалына рұқсат беруді шектеу жөніндегі жауапкершілігімізді түсінеміз. Қол қойылған қауіпсіздік меморандумының аясында 2025 жылдың ішінде барлық рөл оң жақта орналасқан көліктер мен рөл оң жақтан сол жақ ауыстырылған көліктер толық шектелді. Сонымен қатар біз пайдаланушылардан осындай бұзушылықтарға қатысты барлық шағым бойынша тексеріс жүргіземіз. Бұған қоса, автокөліктердің фотобақылау жүйелерін қатайту және арттыру бойынша жұмыс істеп келеміз, — деді компания өкілі.

Халықаралық тәжірибеге назар аударсақ, әлемде Toyota Alphard-ты қолдануға қатысты шектеулер жоқ. Алайда көптеген мемлекеттің ішкі нарығында рөл оң жақта орналасқан көліктерді тіркеуге немесе пайдалануға тыйым салынған. Кейбір дамыған елдерде жолаушы тасымалдауға арналған көліктерге қатысты рейтингте Alphard жоғары көрсеткішке ие. Мәселен, ол 2024 жылы Жапонияда JNCAP стандарттарына сәйкес қауіпсіздік сынағында 92 балмен бағаланған. Бұл JNCAP қауіпсіздік шкаласы бойынша ең жоғары бес жұлдыздың төрт жұлдызына тең.

Атырау өңірі кейінгі жылдары су тапшылығын жиі сезіне бастады. Климаттың құбылуы, жауын-шашын көлемінің азаюы, Жайық өзеніндегі су деңгейінің төмендеуі — мұның бәрі аймақтың экологиялық ахуалына тікелей әсер етіп отыр. Сарапшылардың айтуынша, су ресурстарының азаюы ауыл шаруашылығына да, қала инфрақұрылымына да салмақ түсіреді.

СУДЫҢ СҰРАУЫ БОЛМАЙ ТҰР

А Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Өңірдегі күрделі мәселелердің бірі — жайылым жерлердің жетіспеуі. Мал басы көбейгеннен, су көздерінің тартылуы мен жердің тозуы салдарынан шөп шығымы төмендеп, шаруалар қыспаққа тірелуде.

Су үнемдеу мәселесі тұрмыстық деңгейден бастап, өндірістік нысандарға дейін өзекті. Әсіресе, Атырау қаласы аумағындағы көлік жуу орталықтарында ауызсу көп пайдаланылады. Қазіргі есеп бойынша, облыс орталығында шамамен 140-қа жуық көлік жуу нысаны бар. Бір автокөлікті жууға орта есеппен 150-300 литр су жұмсалатынын ескерсек, арғы жағын болжай беріңіз. Көлік жуу бекеттері мен өз-өзіне қызмет көрсету нысандары маңында тұратын тұрғындар да мәселе көтеріп отыр. Олардың айтуынша, тәулік бойы жұмыс істейтін кейбір бекеттерде су ағыны есепсіз.

«Атырау облысы су арнасы» КМК сату қызметі бастығының міндетін атқарушы Гүлмира Сыдықованың айтуынша, ауызсу ең алдымен тұрғындардың күнделікті қажетіне арналуға тиіс. Су ресурстары шектеулі. Сондықтан техникалық нысандар ауызсуды емес, қайта айналым немесе техникалық су жүйесін қолдануы керек. Кәсіпорын директорының орынбасары Ғасыржан Лекеров те суды басқару мәдениетін қалыптастыру аса маңызды екенін айтады. Оның сөзінше, су тазарту жүйелері классикалық тәсілмен жұмыс істегенімен, басты мәселе — есепке алу мен бақылауда.

«Жуырда Қытайдың Нинся-Хуэй автономиялық өңіріне барып, ондағы су тазарту стансасының жұмысымен таныстым. Қала халқы шамамен үш миллион адамды құрайды, ал тәулігіне 400 мың текше метр су беріледі. Осындай ауқымды көлемге қарамастан, олар да бізге таныс дәстүрлі тәсілді қолданады екен. Алдымен су тұндырғышқа жіберіледі, кейін сүзгілеу кезеңінен өтеді, сонында арнайы резервуарларда жиналып, тұтанушыларға таратылады. Шынын айтсақ, Қытай сияқты технологиясы дамыған елден мүлде жаңа, заманауи шешімдер көреміз деп ойланғанмын. Алайда олардың тәжірибесі бір нәрсені көрсетті: су саласында тек инно-

вация емес, ең алдымен жүйелі басқару, нақты саясат және қатаң есеп мәдениеті керек. Егер біз де осы бағытта сауатты шешімдер қабылдап, жұмысты бірізді жүргізсек, алдағы уақытта су тапшылығын еңсеріп қана қоймай, елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен экономикалық өсімін қамтамасыз ете аламыз», — дейді Ғасыржан Лекеров.

Мамандар суды қайта пайдалану жүйесін енгізуді негізгі шешім ретінде ұсынып отыр. Мұндай қондырғылар арқылы пайдаланылған суды сүзгіден өткізіп, 2-3 рет қайта қолдануға мүмкіндік бар. Қондырғының құны шамамен 1,5-2 млн теңге көлемінде. Жанарғылған Су коллекциясы сәйкес, көлік жуу орталықтары 2030 жылға дейін айналымдық су жүйесіне кезең-кезеңімен көшуі міндетті. Мұндай талап 2015 жылдан бері болғанымен, нақты бақылау жүрмеген еді.

Сарапшылардың дерегіне сүйенсек, шағын көлік жуу орындары айына шамамен 70 текше метр су тұтынады, ал ірі нысандардың көрсеткіші 250 текше метрге дейін жетеді. Қайта айналым технологиясы енгізілсе, бұл көлем кемінде үш есеге азаюы мүмкін. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Атырау облыстық филиалы директорының орынбасары Сәрсенбай Жолдыбаев мәселенің екіжақты екенін айтады.

«Осыдан екі жыл бұрын бизнес иелері келіп «Атырау облысы су арнасына» арзы-талаптарын жеткізді. Бүгінде қос тараптың да ұсынысы тыңдалып, өтініші орындалды. «Атырау облысы су арнасы» арнайы фильмдер қондыруға сұрады. Ол болмаған жағдайда заң аясында көлік жуу орталықтарын жабуға дейін барды. Бұл арада екі жақтың да айтар уәжі орынды. Бір жағынан, ауызсуды есепсіз пайдалану дұрыс емес. Екінші жағынан, кәсіпкерлерге бірден қатаң шара қолдану да тиімсіз. Бұл жерде түсіндіру, кезең-кезеңімен көшу маңызды, — дейді ол.

Қалай десек те, су — ортақ байлық. Оны тиімді пайдалану мәдениеті қалыптаспайынша, технология мен заңның өзі жеткіліксіз болуы мүмкін. Қазір басты міндет — нақты деректерге сүйеніп, жүйелі шешім қабылдау және қайта өңделген техникалық суды қолдану тәжірибесін енгізу болып отыр.

ЖАУАПСЫЗДЫ ЖОЛ ЖАЗАЛАЙДЫ

Қазақстанда жол-көлік оқиғаларына қатысты статистика жаға ұстатады. 2025 жылы елімізде 36 мыңнан астам дерек тіркелген. Соның салдарынан 2 330 адам көз жұмған. Оның ішінде 285-і — бала. Тағы 50 мыңға жуық жолаушы түрлі жарақат алған. Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми мәліметі — осы. Көлік апатының көбі елді мекендердің ішінде болған. Одан кейін республикалық маңызыға ие трассалар тұр. Ал қалғаны халықаралық, облыстық және аудандық автожолдарда тіркеліп отыр.



А Әдебиет БЕЛГИБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Автовандар салынып, қауіпсіздік шаралары күшейтілгенімен, жағдай жасалған сайын азаюы тиіс ахуал кейде кері кетіп бара жатқанға ұқсайды. Тіпті, аталған ахуал жеке келеген құқық қорғау органдарының жұмыс аясынан әлдеқашан шығып, мемлекеттік деңгейдегі өзекті әлеуметтік проблемалардың біріне айналды. Өйткені әрбір жол апатының артында адам тағдыры, отбасының қайғысы, қоғамның орны толмас шығыны тұр.

Бытыр Қарағанды облысында 980 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 147 адам қаза тапқан. 1 147 адам түрлі деңгейдегі дене жарақатын алған. Қауіпсіздік шаралары қу-

шейтілгенімен, апат санының азаятын түрі байқалмайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетіне берген сұхбатында да осы тақырып аясында қойылған сұраққа жауап бере отырып, мәселенің өте өзекті екенін және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаңа технологияларды енгізіп, жасанды интеллект жүйесін кеңінен қолдану қажетін атап өтті. Бұл шараның барлығы жол қозғалысына қатысушы әрбір азаматтың жауапкершілігін арттырып, қауіпсіз әрі мәдениетті көлік жүргізу ортасын қалыптастыруды көздейді.

Жолдағы әрбір ереже адам өмірін қорғау үшін жазылған. Алайда оны елемейтіндер азаймай тұр. Облыстық Полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Бағдат Кәкімовтің

айтуынша, оқиғаларға көбіне шамадан тыс жылдамдық асыру, қарсы жолаққа шығу, жаяу жүргіншіні өткізбеу, мас күйінде рөлге отыру себеп болады.

— Бұл — салғырттықтың салдары, жауапсыздықтың көрінісі. Жүргізуші жол ережесін білмеуі мүмкін дегім, бірақ көбіне олар біле тұра бұзады. Ал мұндай немқұрайдылықтың өтеуі тым ауыр. Сондықтан рөлге отырған әр адам бірбеттік асығыстықтың орны толмас қасіретке айналуы мүмкін екенін ұмытпауға тиіс, — дейді Бағдат Кәкімов.

Облыс аумағында жол қауіпсіздігі мәселесі әлі де өткір күйінде қалып отыр. Жүргізілген талдау түнгі уақытта болатын жол апаттарының басты себептерінің бірі — жүргізушілердің ұйқылы-ою күйде көлік басқаруы екенін көрсетті. Осыған байланысты облыстық Полиция департаменті «ҚазАвтоЖол» АҚ-мен бірлесіп, елімізде алғаш рет аркалы конструкцияларға орнатылған қуатты әрі төмен интенсивті лазерлерді қолдану жүйесін енгізу туралы шешім қабылдады. Қазір мұндай 11 нысан іске қосылған. Инновациялық жүйе жүргізушінің назарын арттырып, ұйқыны сейілтуге ықпал етеді.

Жол-көлік оқиғаларының тағы бір негізгі себебі — жылдамдық асыру. Бұл мәселені тежеу мақсатында елді мекендерде және республикалық маңызы бар автожолдарда жылдамдықты автоматты түрде тіркейтін «Екин-Патроль» кешендері, сондай-ақ жасырын патрульдеуге арналған «Оракул» жүйелері кезең-кезеңімен орнатылып жатыр. Аталған технологиялар тек заңбұзушылықты тіркеумен шектелмей, жүргізушілердің жауапкершілігін арттыруға, тәртіп мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Сонымен қатар жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігіне де айрықша назар аударылып келеді. 2024 жылғы 1 шілдеден бастап Қарағанды және Теміртау қаласында «Argus-жаяу жүргінші» автоматтандырылған бақылау кешендері іске қосылды. Бұл жүйе жаяу жүргіншіге жол бермеген жүргізушілерді автоматты түрде анықтайды. Ал жалпы тағы осындай 15 кешен орнату жоспарланып отыр.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және есепке алу комитетінің мәліметіне сүйенсек, биыл қантардың өзінде еліміз бойынша 2015 жыл-көлік оқиғасы тіркелген екен. Зардап шеккендердің саны 2 992 адам. Қаза болғандар саны — 129. Яғни, қаншама бақылауға қарамастан, жолдағы қауіп азаймай отырғанын байқатады.

«Астана қаласының теледидары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 970840000752) занды тұлғаларды қосу жолымен қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды. Осыған байланысты «NS Радио — Ұлттық желі» телерадиокомпаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 020540003382) «Астана қаласының теледидары» ЖШС-на қосылды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 51, тел.: 8 7172 39 37 58.

«NS Радио — Ұлттық желі» телерадиокомпаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 020540003382) өзін «Астана қ. Теледидары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 970840000752), орналасқан мекенжайы: 010000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 51, тел.: +7 (717) 239-37-58, қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатын туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050059, Алматы қ., Самал-1 шағынауданы, 36-үй, тел.: +7 (727) 250-99-40.

SPORT STYLE

17 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

Күні кеше ғана Миланның төрінде көк байрағымыз желбіреді. Мәнері мен қимылы сай Михаил Шайдоров 32 жыл асыға күткен алтын медальды қоржынға салды. Кескілескен сында талай жылғы фавориттер тақтан құлап, дүйім жұрт Михаилдың өнеріне тәнті болды. Осылайша, алтындай спортшымыз үкілеген үмітті еселеп ақтады.

ЖІГІТТЕ
АРМАН БАР МААЛТЫНДЫ
АЛДАН

Тарихи сәт бәрінің есінде шығар. Осы мәнерлеп сырғанаудан ел аузында тек бір ғана спортшы әрдайым айтылатын. Марқұм Денис Тен мәнерлеп сырғанаудан Сочи қысқы ойындарында қола жүлде алып, көңілімізді бір марқайтқан еді. Бүгінде «ұстаздан шәкірт озалды» демекші, Михаил Шайдоров Денистің жетістігін еселеді. Интернет желісінде тараған бала Михаилдың Дениске қарап тамсанып, соның алдында тұрған бейнежазба жүректі елжіретпей қоймайды.

Жалпы, жарыс өте қызуқанды, тартысқа толы өтті. Әр спортшы айдында сырғанағанда үлкен жауапкершілікті сезініп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп отырды. Қысқа бағдарлама қорытындысында Шайдоров жақсы өнер көрсетсе де, 92,94 ұпай жинап бесінші орыннан табылған еді. Ал еркін бағдарламада қазақстандық спортшы төрешілердің шешімімен 198,64 ұпай жинап, жалпы есепте 291,58 ұпайға қол жеткізді.


Спорт сарапшысы Шамкен Байырбектің сөзінше, Миша жарыстағы үлкен қысымды жеңе білді. Оның барлық қимылы үйлесім тапқандай көрінді.

— Михаил Шайдоров алғашқы қысқа бағдарламаны жинақы, қатесіз, таза сырғанады. Әрбір элементті сенімді орындап, техникалық тұрғыдан мінсізге жуық өнер көрсетті. Соған қарамастан, алған ұпайы сәл төмендеу болды. Шынын айтқанда, бұдан да жоғары баға беруге толық негіз бар еді. Дегенмен төрешілер тарапынан белгілі бір «сарандық» байқалғандай әсер қалдырылды. Жалпы, мәнерлеп сырғанау — субъективті спорт түрі. Бағалау кезінде тек техника ғана емес, әсер, бедел, жарыс қожайыны факторы да рөл ойнайтыны жасырын емес.

Төртінші орын алған италиялық спортшы Даниэль Грасльтен асырмайтындай есеппен ұпай қойылғандай көрінді. Михаил бесінші орынға тұрақтағанда, медальдан алыстап кеткендей әсер болды. Алайда бұл оның алғашқы Олимпиадасы екенін ескерсек, ол қысымды керемет еңсере білді, — дейді Шамкен Байырбек.



Жарыстың қорытындысы бойынша екінші орынды атағы жер жарған жапониялық Юма Кагияма иеленді. Олимпиадалардан бірегей күміс алып жүрген спортшыдан үлкен нәтижелер күтілді. Дегенмен күміс медаль да жаман нәтиже емес. Ал үздік үштікті тағы да бір жапондық Шун Сато түйіндеді. Иә, бәрінің бұл жарысты үлкен таңғалыспен қарағаны рас. Себебі соңғы жылдары өз қарсыластарына дес бермей, 4 аксельдің каролі атанып кеткен Илья Малинин өрескел қателіктерінің кесірінен жүлдесіз қалды. Қаншама болжамдар осы Ильанын жеңісіне бағытталған еді. Амалы нешік, спорттың аты — спорт. «Жеңіс бар жерде, жеңіліс те бар» деп бекер айтылмаса керек.



Шынымды айтсам, әлі де сене алар емеспін. Маусым бойы өз-өзіммен күрестім. Бұл маусым мен үшін аса ауыр болды. Жарыстарда бес бірдей төрттік секіруді шамамен үш рет орындап көруге тырыстым, бірақ бірде-бір рет сәтті шықпады. Ал бүгін бәрі сәтті орындалды.

ЕШКІМ КҮТПЕГЕН ЖЕҢІС

До да басталмай тұрып, Михаил қаншалықты медальға талаас алады деген пікірлер көп болды. Бірі үздік 5-тен көрінеді десе, бірі кем дегенде қолаға қанағат тұтуымыз керек десті. Спорт сарапшысы Шамкен Байырбек те өз эмоцияларын жасыра алмағанын тілге тиек етті.

— Тікелей эфирде жүргізіп отырып, өзіміз де сенбей қалдық. Алғашында қола медальға қанағат тұтып отырған едік. Күміс анықталған сәтте студияда эмоциямызды жасыра алмадық. Ал алтын жарияланған кезде қол-аяғымыз дірілдеп кетті. Сол кездегі тарихи сәттің күәсі болғанымыз қатты қуаныштымын. Меніңше, Олимпиадада мәнерлеп сырғанаудан жүлде алу — қысқы спорт түрлерінің ішіндегі ең беделді жетістіктердің бірі. Өйткені бұл Олимпиада бағдарламасына ежелден енген, ең көркем, ең әсем, бекзат спорт түрі. Оның үстіне сұраныс да жоғары. Финал билеттерінің құны 750 еуродан басталғаны — соның айқын дәлелі. Бұл Олимпиададағы ең қымбат спорт түрлерінің бірі болды.

Одан бөлек, Аренының лық толуы, Михаил алтын алған сәтте әлеуметтік желілер мен әлемдік басылымдардың жарыса жазуы жеңістің маңызын еселей түсті.

Михаил Шайдоров өзінің тәтті жеңісінен кейін әсерлі қуанышымен бөлісті.

— Шынымды айтсам, әлі де сене алар емеспін. Маусым бойы өз-өзіммен күрестім. Бұл маусым мен үшін аса ауыр болды. Жарыстарда бес бірдей төрттік секіруді шамамен үш рет орындап көруге тырыстым, бірақ бірде-бір рет сәтті шықпады. Ал бүгін бәрі сәтті орындалды. Сәті түсіп, қолымнан келді. Мен бұл Олимпиадаға ұзақ дайындалдым.

Маусым бойы бар ойым өз ісімді адал атқару болды. Енді еңбегімнің жемісін көріп отырмын. Бұл медальды Қазақстан халқына арнаймын.

Қолдау керемет болды. Әлеуметтік желіге кіру мүмкін болмады. Трибуналағы жанкүйерлердің қолдауы ерекше сезілді. Бәрі кино сияқты. Әзірше не болып жатқанын толық сезініп үлгермедім.

Бұл медаль мен үшін де, еліміз үшін де аса маңызды. Қазақстанда мәнерлеп сырғанаудың дамығанын қалаймын. Сол үшін бар күшімді саламын. Жағдай жасалып, жастарға мүмкіндік беріле екен деймін.

Менің медалім Денис Тен үшін де маңызды болар еді деп ойлаймын. Ол бізге жол ашты. Оның да жолы оңай болған жоқ, менікі де жеңіл болмады. Қазақ мәнерлеп сырғанауының дамуына қосқан үлесі үшін Дениске алғыс айтамын, — деді Олимпиада чемпионы.

БАҚ ШАПТЫ МА?

Біреу білсе, біреу білмес, Михаил Шайдоров — әкесінің жолын қуған жігіт. Әкесі — Станислав Шайдоров, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, ұлының алғашқы бапкері. Михаил ең алғаш 2010 жылы мәнерлеп сырғанауды бастады. Дәл осы сәттен оның үлкен спорттағы жолы басталған. Әкесі оған тек техниканы ғана емес, тәртіп пен мінезді, еңбекқорлықты да үйретті. Кейін әкесінің бастамасымен Михаил Сочиға қоныс аударып, олимпиада чемпионы Алексей Урмановтың жетекшілігімен жаттыға бастады. Бұл шешім оның кәсіби деңгейге көтерілуіне айтарлықтай ықпал етті. Міне, осылайша, 2026 жылғы Олимпиада алтынына апарар жол 16 жылға созылған екен. Мұндай ұзақ әрі ауыр жолды кез келген адам еңсере алмайды. Әсіресе, алты жасқа толмай жатып коньки киген баланын әлемдік биікке көтерілуі күнде кездесе бермейтін құбылыс.

Олимпиада да Михаилдың басты қаруы төрт айналымды бес секіру болды. Ол үштік аксель — ойлер — төрттік сальхов каскалын, төрттік лүтті, төрттік тулуп, төрттік флип, сондай-ақ төрттік тулуп — үштік тулуп каскалын сәтті орындады. Нәтижесінде, еркін бағдарламада 198,64 ұпай жинап, қос сайыс қорытындысында 291,58 ұпаймен қарсыластарын артта қалдырды. Қазір Шайдоров алтын медаль жеңіп алғаннан кейін Халықаралық конькимен сырғанаушылар одағының (ISU) рейтингінде 4961 ұпаймен үшінші орынға көтерілді.

Михаил Шайдоровты Олимп шыңына жетелеген бапкер, даңқты спортшы, Олимпиада чемпионы Алексей Урманов «Мишанын жай ғана жолы болып кетті» деген сұраққа былай деп жауап берді:

— Біріншіден, шын мықтылардың ғана жолы болады. Екіншіден, басқалардың қалай өнер көрсеткеніне, не істегеніне біз жауапты емеспіз. Олар мұны өздері істеді ғой. Михаил Шайдоров абсолютті түрде, шынайы күресте 100–200 емес, миллион процент жеңіске жетті. Ауысымдағы ең басты сын Милан мен Кортинада өткен Олимпиада ойындары болды. Бар күш-жігерімізді дәл осы долаға бағыттадық. Негізгі мақсат Олимпиадада жоғары нәтиже көрсету еді. Соған жеттік те. Ал маусымның басындағы турнирлердің мәні неде? Олар — ізденіс пен талдау кезеңі. Қай элемент жүріп тұр, қайсысы шикі, қандай бағдарлама спортшыға көбірек ашылады — осының бәрін саралайтын уақыт.

Scate America турнирінен кейін біз өткен маусымдағы «Дюна» бағдарламасын қайта алып шығу жөнінде шешім қабылдадық. Себебі жана қойылымның толық ашылмай жатқанын, техникалық әрі эмоциялық тұрғыда еркін сырғанауға кедергі келтіріп тұрғанын түсіндік. Бұл — спорттағы қалыптасқан үдеріс. Тек Шайдоров емес, әлемдегі талай мықты фигурист қажет кезінде бұрынғы сәтті бағдарламасына қайта оралып жатады, — дейді Алексей Урманов.

Қысқы дола әлі де жалғасып жатыр. Михаил Шайдоров төбемізді көкке көтеріп тастады. Тіпті тағы бір медаль алсақ деген дөмеміз де зор. Ендігі спортшыларымыз да Мишанын жолын жалғап, алтынмен аптап, күміспен қаптап, биікке жетсе екен деген зор тілегіміз бар.

ШИРЕК
ФИНАЛҒА ШЫҚТЫ

Абзал Әжіғалиев пен Денис Никиша шорт-тректен 2026 жылғы Олимпиада ойындарының 1/4 финалына жолдама алды.



Италияда өтіп жатқан 2026 жылғы Олимпиада ойындарында шорт-тректен ерлер арасындағы 500 метр қашықтықта жарыс басталды. Бұл бәсекеде Қазақстан намысын Абзал Әжіғалиев пен Денис Никиша қорғауда.

Іріктеу кезеңінен өту үшін спортшылар өз тобында 1–2-орын алуы немесе үшінші орын алғандар арасынан уақыт көрсеткіші бойынша үздік төрттікке енуі қажет болды.

Әжіғалиев екінші топта кейбір қарсыластарының құлаған сәтін тиімді пайдаланып, мәреге бірінші болып жетті де, тікелей 1/4 финалға жолдама алды.

Никиша өз тобында үшінші нәтиже көрсетті. Алайда оның уақыт көрсеткіші іріктеу кезеңінен өтуге жеткілікті болды.

Айта кетейік, 1/4 финал, 1/2 финал және финалдық жарыстар 19 ақпанға қараған түні өтеді.

РИЗАБЕК
ТОП ЖАРДЫ

Еркін күрестен Қазақстан құрамасының өкілдері Бішкекте (Қырғызстан) өткен Super 4 Wrestling халықаралық турнирінде екі медаль жеңіп алды.



Ризабек Айтмұхан 97 келіге дейінгі салмақта чемпиондық атаққа таласты. Нәтижесінде, ол ақтық бәсекеде ресейлік балуан Алихан Кцоветы тізе бүктірді.

Сонымен қатар 86 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Азамат Дәулетбеков те финалға дейін жетті.

Дегенмен шешуші бәсекеде отандасымыз Токио Олимпиядасының қола жүлдегері Артур Найфоновқа жол берді. Осылайша күмістен алқа тартты.

ЖҮЗУДЕН – 2 АЛТЫН

Қазақстан әртістік жүзуден Әлем кубогы кезеңінде екі алтын медаль жеңіп алды.

Колумбияның Медельин қаласында әртістік жүзуден Әлем кубогының кезеңі өтіп жатыр.

Ерлер арасында Қазақстан құрамасының өкілі Эдуард Ким ірі халықаралық турнирде алтын медаль жеңіп алды. Спортшы еркін бағдарламада топ жарып, 195,2476 ұпай жинады.

Сондай-ақ әйелдер арасындағы еркін бағдарламада Қазақстан құрамасы да жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

Айта кетейік, бұған дейін техникалық бағдарламада қазақстандық Виктор Друзин үшінші орын алған еді.



Бетті дайындаған Әсет ҚАЛИ

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОШИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәни ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(717) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4706

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,